



27 маусым, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

ЕЛОРДА



3 Меймандос мегаполис,
құтты мекен

МЕРЕЙ



4 Тілшіліктен – елшілікке

ЭКОНОМИКА



6 Көкжиек көз ұшында
менмұңдалап

БАЙҚАУ



8 Бір керуен бар,
тоқтатуға болмайтын...

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті:

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА ТҮР

(Мемлекет басшысының республикалық «Ана тілі» газетіне арнайы берген сұхбаты)

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгінде бүкіл әлемді алаңдатып отырған індет, екіншіке қарай, біздің елімізге де оңай тиген жоқ. Пандемия алғаш басталғаннан-ақ, Өзіңіздің басшылығыңызбен мемлекет көптеген әлеуметтік-экономикалық іс-шараларды қолға алды. Одан жалты жұрт хабардар. Елімізде жарияланған төтенше жағдай екі айға жуық мерзімге созылды. Карантин шаралары әлі де жалғасып келеді.

Жалпы соңғы кезде карантин шараларына қарамастан елімізде індет тез таралуда. Қазірдің өзінде дерт жұқтырғандар саны 20 мыңға жуықтады. Жүзден аса адам осы науқастан қайтыс болды. Жұрт кәдімгідей үрей құшағына қалды. Бұл індет түрлі деңгейдегі билік өкілдерін де айналып өткен жоқ. Ел арасында «Үкімет індеттің таралуын бақылаудан шығарып алды, сондықтан ауруханаларда орын жетіспейді» деген секілді әңгімелер де аз емес. Дүрліккен жұртқа қандай басу айтасыз? Расында да, осы індеттің таралуына қарсы күресте жеңіліп жатқан жоқпыз ба?

– Шынында да, бұл індет біздің ғана емес, жалпы әлемдегі адамзаттың бет-бейнесін, тұрмыс-тіршілігін өзгертті. Ауыр дерттің алдында дамыған мем-



лекеттердің өздері дәрменсіз болып отыр. Оған бәріміз куәміз. Озық деп жүрген Еуропа елдері, азуын айға білеген АҚШ, Азия алыптары – Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, тағы басқа да елдер тығырыққа тірелгендей.

Ал қазір, «біз осы індетпен күресте жеңіліп жатырмыз немесе Үкімет ахуалды бақылаудан шығарып алды» деуге болмайды. Өздеріңізге мәлім, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұқпалы ауруларға арналған үш

аурухана жедел салынды. Басқа өңірлердегі ауруханалар керек-жарақпен жабдықталды. Науқастарды емдеуге дәрігерлеріміздің біліктілігі жетеді. Қазір, ақ халатты абзал жандар күндіз-түні осы індетпен күрестің алдыңғы шебінде жүр. Мемлекет тарапынан қажетті қаражат бөлінді.

Бір нәрсені айта кетейін, биліктегілер де – өздеріңіз секілді ет пен сүйектен жаралған адамдар. Лауазымды қызметкерлер жұмыс бабына байланысты бір-қатар азаматтармен кездесуі

керек, сондықтан ел ішіндегі іссапарларға шығады. Сондай жағдайда кеселді жұқтырып алуы мүмкін. Иә, олар да ауырады, науқасынан емделеді. Билікте жүргендердің арасынан 15 шақты адам осы дертке шалдықты. Ал қазіргі статистика бойынша, вирус жұқтырғандар саны 20 мыңға жуықтады. Яғни олардың көпшілігі – қарапайым халық. Бұл жердегі мәселе кімнің қалай жұқтырып алғанында емес. Сол азаматтарымыздың ауруын асқындырып алмай, тезірек жазылып шығуына жағдай жасау қажет. Ауруға шалдыққандарды шенеунік немесе қарапайым жұрт деп бөліп қарауға болмайды. Қазақ «Кемеліңнің жаны бір» дейді. Біз бір елде тұрып, бір ауаны жұтып, бір қоғамда өмір сүріп жатқаннан кейін ешкім де бұл аурудан өзін толықтай қорғай алмайды. Бір планетаны мекен еткен соң өзге елдегі дерт бізге келмейді деп бейкам отыра алмаймыз. Пандемия шекараға қарамайды. Сақтансақ қана өзімізді, жақындарымызды аурудан аулақтау аламыз. Сондықтан ел азаматтарын карантин режимін қатаң сақтап, тазалыққа мұқият болуға шақырамын. Бұл – өтпелі қиындық, уақытша сынақ. Біз осы індеттен және экономикалық дағдарыстан кейін қалай дамымыз, не істеуіміз керек деген мәселеге баса мән бергеніміз жөн.

2-бет

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді бүгінгі Бұқаралық ақпарат құралдары күнімен құттықтаймын!

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ақпараттық сала – қазіргі заманғы мәдениеттің жаһандық және нақты ұлттық өлшеміндегі бөлінбес бөлшегі» деген болатын. Технологиялардың қарыштап дамуы әлемдегі ақпарат алмасу жылдамдығын еселеп арттырып, медиа саладағы бәсекелестікке әкелді, әрі журналист мамандығына айрықша жауапкершілік жүктелді.

Қазіргі қоғам үшін журналист жеделдік пен шынайылықты, икемділік пен біліктілікті бойына сіңірген, мәселені жан-жақты зерттеп, талдап, көрермен мен оқырман назарына ұсынатын кәсіби, әмбебап маман.

Сіздер ғаламдық даму көшіне ілесу мақсатымен елімізде және өңірімізде жасалып жатқан тың реформаларды халыққа түсіндіріп, насихаттау арқылы аймағымыздың дамуына ақпараттық қолдау көрсетіп келесіздер.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес былтыр Үкімет қаулысымен Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні бекітілді.

Топырағы киелі Сыр өңірін мемлекетшіл, халықшыл журналистердің алтын ұстаханасы деп атасақ, қателеспейміз. Аймақ журналистикасының қалыптасуы мен дамуына елеулі еңбек сіңіргендердің арасынан Асқар Тоқмағанбетов, Қалқабай Әбенов, Мырқы Исаяев, Нұрділдә Уәлиев, Евгений Хан, Ахат Жанаев, Сахитжан Бермағанбетовті және т.б. атап өтер едім.

Пандемиямен күрес кезінде қауіп-қатерді елеместен, халыққа қажетті ақпаратты дер кезінде жеткізіп, тынбай атқарған қызметтеріңіз үшін Сыр елі халқы атынан зор ризашылығымды білдіремін.

Ел өмірінің әрбір жетістігін өз жетістігім деп біліп, қиындығына жүрегімен беріліп, әрбір сәтті қалт жібермеуге тырысатын барша баспасөз, теледидар, радио, интернет басылымдары қызметкерлерінің еңбегіне шығармашылық табыс тілеймін.

Жеткізер жақсылықтарыңыз таусылмасын, қаламдарыңыз мұқалмасын!

Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!

Жақындарыңызға жанашыр болыңыз!

Біз біргеміз!

Облыс әкімі
Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА

ҰБТ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА БАСТАЛДЫ

Маусымның 26-сы күні ҰБТ Қызылорда қаласында бастау алды. Білім сынағының бесінші күнінде Жалағаш, Жаңақорған, Сырдария аудандарының мектеп оқушылары тест тапсырды. Онда Қызылорда қаласында екі бірдей тестілеу пунктінде сынақ ұйымдастырылды.

СҒ Ғазиза ӘБІЛЛА,
«Сыр бойы»

Санитариялық ережеге сай әрбір түлек дезинфекциялық туннельдерден өтіп, бетпердемен және арнайы тексерістен өткізілді. Тыйым салынған заттарды анықтау барысында Қызылорда қаласынан 4 түлек ұялы телефон алып келуіне орай тестке қатысу құқығынан шеттетілді. Ал, аудандарда мұндай жағдай орын алған жоқ. Бұл күні білім сынағына Қызылорда қаласы бойынша 469 оқушы қатысты, 9 оқушы өз еркімен тестілеуге қатыспады. 469 оқушының 87-сі – Сырдария ауданының оқушылары.

Ұлттық тестілеу барысында басқарма басшысы Ақзира Қасымова түлектерге сәттілік тілеп, білім сынағы кезінде талапқа бағыну қажеттігін қаперге салды.

Маусымның 27-сіне Қызылорда қаласы және Жалағаш, Сырдария аудандары бойынша 454 түлек тест тапсырады. ҰБТ Қорқыт ата атындағы КМУ-дың 5-корпусында және “Мұрагер” мектебінде өтеді.

Айта кетейік, әзірге Ұлттық тестілеу сынағында ең жоғары 130 ұпай Шиелі ауданында тіркеліп отыр.

ЖАҢА ӨНДІРІС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қызылордада құбыр шығаратын жаңа өндіріс Кәсіпкерлер палатасы мамандарының сүйемелдеуімен жұмысын бастады.

Исмаил Тунжер мен Индира Жамалова – бес баланы тәрбиелеп отырған ата-ана. Кәсіппен айналысып жүргендеріне он жылдан астам уақыт болған. Кәсібін тауарларды алып-сатумен бастап, 2011 жылдан бері «Galaksi Group» компаниясының Қызылорда облысындағы дилері қызметін атқарып келеді. Бүгінде Исмаил Тунжер – аймақта пластик терезелеріне қажетті құрал-жабдықтарды жеткізіп беруші ірі кәсіпкерлердің бірі.

Үнемі ізденісте жүретін кәсіпкер отбасымен бірге өндірісті қолға алуды ойласып отырып, мамандардан кеңес алды. Алғашында кәсібін Шымкент қаласында ашпашы болған ол кейін Қызылордада болғаны тиімді деген шешім қабылдайды. Осылайша осы жылдың қаңтар айында Кәсіпкерлер

палатасының мамандарымен кеңесіп, жеңілдетілген несие алуға талапталды.

– Исмаил Тунжер мырзамен жұмысты қаңтар айынан бастадық. Жобасының құны – 200 млн теңге. Құжаттарын әзірлеп жүргенімізде елімізде төтенше жағдай енгізілді. Кәсіпкер қиындыққа мойымай, табандылық танытып, карантин кезінде жаңа өндірісін іске қосты. Бұл жерде мемлекеттік бағдарлама арқылы қаржыны берген «Halyk Bank»-тың облыстық филиалы мамандарына айтар алғысымыз шексіз. Жобаның маңыздылығын ескере отырып, кәсіпкерге барлық жағдайды жасады, сапалы қызмет көрсетті дейді жобаны сүйемелдеген Кәсіпкерлер палатасының бөлім бастығы Жасұлан Серіков.

Өндіріс сауір айының аяғында іске қосылды. Жобаға



қажетті қаржының төрттен бір бөлігі, яғни айналым қаражаты «Бизнестің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында 6 пайызбен берілді. Кәсіпкер «Даму» қорының облыстық филиалы арқылы алған несиесіне субсидия да алды.

Кәсіпкер жеңілдетілген несиеге алған қаржыны

шикізат алуға пайдаланбақ. Шикізатты Қытай, Түркия елдерінен, Алматы қаласынан алмақ. Жоба аясында сантехникалық және кәріздік, сондай-ақ өзге де құбырлар шығаруда. Аталған тауарға сұраныс қазірдің өзінде бар. Дайын өнім облыстың аудандарынан өзге Шымкент қаласына да жеткізілуде.

Бүгіннің өзінде Жамбыл облысы мен Алматы қаласынан, Бішкектен хабарласып, тапсырыс беруде.

– Кәсіпкердің жобасында ерекше ұнаған бір жері бар. Өнімдерін бұрын қолданыста болған тауарлардан да, сондай-ақ таза шикізаттан да жасай алады. Мәселен, қажетсіз қалдық ретінде тасталған пластик терезелерді қайтадан өңдеп, дайын өнім етіп те шығаруда. Бұл жоба өңіріміздің экологиялық қауіпсіздігіне де үлес қосатын өндіріс болмақ, – дейді Жасұлан Серіков.

Кәсіпкер Исмаил Тунжер жаңа жобасы аясында әзірге күніне 3,5 тонна өнім шығарылып жатқандығын айтады. Жоба толық іске қосылғанда күніне 10 тоннаға дейін өнім шығаруға мүмкіндігі бар екен. Әзірге 12 адамды жұмыспен қамтуда. Алдағы уақытта жұмысшыларының санын 20-ға жеткізу ойда бар.

«СБ» ақпарат

COVID-19: МАМАН МІНБЕРІ

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕР АУРУ ЖҮҚТЫРҒАН

Ана мен баланың есен-саулығы – еліміздің басты құндылығы. Осы құндылықты қорғауды басты міндеті еткен облыстық перинаталдық орталық қызметкерлері пандемия кезінде тіпті қауырт жұмыс режимінде еңбек етуде. Карантиндік шараларды сақтауға отырып орталықта 15 наурыздан бері барлығы 3074 ана босанса, оның ішінде 11 әйелден COVID-19 диагнозы анықталды.



7-бет



Симптомды – 18, симптомсыз 56 дерек тіркелді

Жұма күні аймақта коронавирус инфекциясымен тіркелген симптомды науқастар саны – 615, симптомсыздар 416-ға жетті. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов мәлімдеді.

– Симптомды жаңа 18 жағдайдың барлығы скринингтен анықталса, симптомсыз коронавирус инфекциясының 56 дерегі тіркелді. Оның 26-сы скринингтен, 9 науқас ақылы сынама тапсырғаннан, 21-і қарым-қатынас арқылы жұқтырған, – деді ол.

Сондай-ақ, вирус жұқтырғандармен байланыста болған 6858 азамат анықталды. Оның 4402-сі тікелей қарым-қатынаста, 2456-сы жанама байланыста болған. Ал 565 адам аурудан айықты.

«СБ» ақпарат



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА ТҮР

– *Иә, қоғам орнында тұрмайды, дамуы керек. Орайы келгенде қордаланып қалған, келешекте қалай болады деп халық жауабын күтін жүрген бірқатар қадау-қадау мәселер жайлы сөз қозғасақ. Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауыңызда қазақ тілінің қолданыс ауқымын кеңейту мәселесіне ерекше тоқталған едіңіз. Өзіңіз білесіз, биыл жасарық көргеніңе 30 жыл толған «Ана тілі» ұлт басылымы да тұңғыш санынан бастап туған тілдің бары мен жоғын түгендеп келеді. Мемлекеттік тіліміз ұлтаралық қатынас тіліне айналуы үшін қандай қадамдар жасатуы керек деп есептейсіз?*

– «Ана тілі» газеті – қазақ тілінің қоғамдағы мән-маңызын арттыру, оның көкжиегін кеңейту мәселесін ұдайы көзғап жүр. Бұл басылым әрдайым ұлттық мүддеге берік болып, тілімізге жанашырлық танытып келеді. Осындай елеулі еңбектеріңіз үшін басылымда жұмыс істейтін журналистерге, үнемі ой-талқыға атсалысып жүрген жазушылар мен ғалымдарға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Осы отыз жыл ішінде қазақ тілін дамытуға қатысты ештеңе істелген жоқ деуге болмайды. Туған тіліміздің қолдану аясын кеңейту үшін көп жұмыс атқарылды. Оған дау жоқ. Мұны сырт көз сыншылар да айтып жүр. Бірақ олардың кейбірі мұндай үрдіске аса қуана қоймайды. Өйткені енді қазақ тілінің дамуын тежеп, ел ішінде кең өріс алуын тоқтату мүмкін емес екенін сезеді.

Қазақ тілінің жағдайы туралы айтқанда, мемлекетіміздің негізін қалаған, Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айрықша еңбегін атап өтуге тиіспіз. Ол елімізде мемлекет құраушы ұлттың саны едәуір аз болғанына қарамастан Қазақстанның Тәуелсіздігін жариялады. Сондай аумалы-тоқпелі кезеңнің өзінде Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей ықпал етуімен Парламент қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялады.

Шындығында, тілдік проблеманың үлкен саяси мәні мен маңызы бар. Тіл мәселесіне бей-жай қарап, немқұрайдылық танытатын болсақ, мемлекеттігіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін. Бұған Украинаны мысалға келтірсек те жеткілікті деп ойлаймын. Мемлекеттік тілді дамыту ісінде қызбалыққа салынып, оның қолдану аясын күшпен кеңейтуге ұмтылудың кері әсері болары анық. Өйткені оның соны ұлтаралық араздыққа дейін жетуі мүмкін. Сонымен қатар бұл тұрғыда геосаяси жағдайды да назардан тыс қалдырмауымыз керек. Әсіресе Ресеймен арадағы шекарамыздың әлемдегі ең ұзын шекара екенін де есте естен шығармаған жөн. География – геосаясаттың маңызды факторының бірі.

Бірақ бұл мемлекеттік тілге қатысты жұмыстарды тоқтатып қою керек дегенді білдірмейді. Қайта оны ың-шыңсыз, айғайламай, қызбалыққа салынбай, бірақ табанды түрде жалғастыра беру қажет. Бұл орайда Өзбекстанның тәжірибесін мысалға келтіруге болады. Олар өздеріне тән жайлы мінезіне салып, ұрандатып-шулатпай-ақ, қажет кезінде орыс тіліне де жүгіне отырып, тіл мәселесін толық шешіп алды. Менің таңғалатыным, Өзбекстанның мемлекеттік органдарында әлі күнге дейін орыс тілі қолданылады. Тіпті олардың тұтас тарихында да осылай болған. Өзбектер қоғамдық қатынастарды саясилендірмей, еңбек пен саудаға басымдық беріп, XX ғасырдың бас кезіндегі аз ғана халықтан қазір Орталық Азиядағы ең үлкен ұлтқа айналды. Сондықтан ұлы Абайдың өзбек халқына қатысты айтқан парасатты ой-пікірі қазіргі технология ғасырында да өзінің өзектілігін жоғалтпағанын байқауымыз. Өзбектер саясатқа құмар емес, олар еңбек еткенді құптады. Бұл ел көшеде ұрандатып шеруге шығып жүрген жоқ. Қайта жасампаздыққа жетелейтін еңбекпен айналысып жатыр.

Тарихтан сабақ ала отырып, біз технология мен роботтар басты рөл атқаратын жаңа дәуірдегі қазақ халқының игілікті өмірі жайында ойлануымыз керек. Әлем түпкілді өзгерістердің алдында тұр. Сол себепті есте жоқ ескі заманды аңсамай, лингвистикалық мәдениеттің айналасын шыңрай бермей, тарихымызды да дәріптеп, салт-дәстүрімізді сақтай отырып, алға ұмтылуымыз қажет. Біздің мемлекеттік тілдің жағдайын қайта-қайта көтеріп, оның мүшкіл халі туралы айта бергенімізге өзге елдер, әсіресе Орталық Азиядағы мемлекеттер түсінбей, таңданыспен қарайды. Қазір – нағыз аз сөйлеп, көп іс тындыратын шақ. Олай болмаған жағдайда біз өзімізді халықаралық қоғамдастықтың алдында кемшін ұлт ретінде көрсетеміз. Ал енді не істеу керек?

Біріншіден, қазақ тілінде сөйлеу мақтанш болуы үшін қоғамда оған деген қажеттілікті арттырған жөн. Мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру

1-бет.



керек. Парламентте немесе баспасөз мәслихаттарында мемлекеттік тілде сөйлеп, пікір алмаса алмайтын мемлекеттік қызметкер ұғымы, ең алдымен, қазақ азаматтарының арасында – анахронизмге айналуға тиіс.

Екіншіден, біз қазақ тілін жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін қолдауымыз керек. Оларды Парламентке, өкілетті органдарға сайлап, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жоғары лауазымдарға тағайындап, мемлекеттік наградалармен марапаттап отырамыз дұрыс. Мұндай азаматтар қазақ тілінің деңгейін ұлтаралық қолданыс дәрежесіне көтеруге көмектеседі.

Үшіншіден, қазақ тілін қолдану барысында фонетикалық және орфографиялық қателер жіберіп алатын отандастарымызға түсіністікпен қарап, толеранттылық танытуымыз керек. Мұндай азаматтар жастарымыздың арасында да аз емес. Олардың талпынысын мазак етпей, қайта қолдай түскеніміз жөн.

Төртіншіден, телевизиялық және радио хабарларының сапасын арттыру қажет. Бұл ақпарат өнімдері Ресей бағдарламаларының көшірмесіне емес, қайта қоғамдық ойдың қайнар көзіне айналуға тиіс. Арзан ойын-

асығыстық пен жалаң ұрандату мемлекеттігімізге кесірін тигізуі мүмкін. Жалпы алғанда, жоғары оқу орындарында нақты ғылымдарды орыс тілінде оқыта берген жөн. Осы ретте бізге Малайзияның тәжірибесі үлгі бола алады. Бұл ел алғашқыда ағылшын тілінен бас тартып, кейіннен ойлана келе, оны жоғары оқу орындарында және дипломатиялық қарым-қатынастың құралы ретінде қалдырды. Біздің өскелең ұрпақ қазақ тілімен қатар, орыс тілін де еркін меңгеруі керек.

Бұл – уақыт талабы. Мектептердің бастауыш сыныптарында қазақ тіліне басымдық берілгені дұрыс. Орыс тілін де оқыту керек. Ал ағылшын тілін 5-6 сыныптардан бастап мектеп бағдарламасына енгізген абзал.

Қазір демографиялық ахуалдың өзі қазақ тілінің ұпайын түгендеу бағытына қарай дамып келеді. Яғни біз алға қойған мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мұндай астары қалың, ел тағдырын шешетін іргелі істе асығыстыққа жол бермеу керек. Қайта әрбір әрекетімізді ақылға салып, мойнымыздағы тарихи жауапкершілікті барынша сезіне отырып жұмыс істегеніміз дұрыс.



күлкіден гөрі, ұлттық идеяға қызмет ететін топырағымыздан тамыр алған төл бағдарламаларды мұлайту қажет.

Меніңше, Орталық Азиядағы көршілеріміздің тәжірибесі бізге пайдалы әрі үлгі боларлықтай. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру жолында кинематографияның да алар орны ерекше. Бізге тарихи оқиғаларды дәріптейтін, қазіргі қоғамды да бейнелейтін сапалы дүниелер керек. Қырғыз киногерлері «Құрманжан Датқа» деген мәнді, мағыналы, көз қуантып, көңіл толатын фильм түсірді. Соған бар-жоғы 1,5 миллион доллар жұмсаған. Ал біздің кинематографистер бұдан әлдеқайда көп сұрайды. Ал түсірген дүниелерінің сапасы әрдайым көңілден шыға бермейді. Өкінішке қарай, бүгінде біздің киногерлер де ауыз-біршілік таныта алмай отыр. Бұл – шығармашылықты тұралаатын жағдай.

Әрине, ауызды ку шөппен сүрте беруге болмайды. Мені еліміздегі блогосфераның қазақ тіліне қарай ыңғайланып келе жатқаны қуантады. Дейтұрғанмен, біз әсіресе ұлтшылдықпен радикализмге бой алдырмауыз қажет. Сондай-ақ қазақ тілін дамытамыз деп орыс тілінің мәртебесін шектемеуіміз керек.

Жоғарыда айтқанымдай, тіл мәселесінің астарында үлкен саясат бар. Сондықтан бұл тұрғыда

ашуға ғана әуес болып, тұрақты жұмыс орындарын көптеп ашуды назардан шығарып алғанын сынға алдым. Бүгінде біздің елде 2 миллионға жуық адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Жұмыссыздар саны да көп.

Бұл – өте күрделі әлеуметтік мәселе. Оны шұғыл шешпесе болмайды. Еңбекке баулу идеологиясы атакты ақын-жазушыларымыздың шығармашылығында барынша көрініс тауып, алдыңғы қатарда насихатталуы керек деп санаймын. Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп әндегіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Тіпті осындай қауіпті пандемия кезінде кейбір азаматтарымыз маған хат жазып, той өткізуге мүмкіндік беру керек деп талап қояды. Мемлекеттің өзі өлермендікпен өмір сүретін кезге келдік. Сондықтан еңбек ету – өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!

– Қазір әлем өзгерген. Қалай болғанда да жаһандандудың көшінен қалып, есік-тереземізді қымтап жауып тастап отыра алмаймыз. Есік-

тереземізді тас бүркеп, шекарамызды шегендеп, қақпамызға сом темір іліп қоятын тас дәуірі емес. Бармасақ, келмесек – ел жарылады, алмасақ, бермесек – дем тарылады.

Мемлекетаралық жағдайды жақсы білетін маман ретінде әлемдік ұлттар мозаикасына өз ренімізбен, қазақы болмыс-табиғатымызбен қосылу үшін қандай қадамдар жасау керектігін нақтылап түсіндіріп берсеңіз...

– Шынында да, әлем өзгерді. Мызғымастай көрінген жаһандану үрдісі пандемияның әсерінен кідірістіп қалды. Мемлекеттер өзін-өзі оқшаулауға, «әркім өз күнін өзі көрсін» қағидатына баса мән бере бастады. Халықаралық қатынастарда ұлтшылдыққа бет бұру үрдісі артып келе жатқаны байқалады. Мен мұны 2008 жылы ертерек болжап айттым. Бірақ ол кезде менің тұжырымымды саясаткерлер мен ғалымдар қолдамады. Тіпті коронавирусқа қарсы вакцина әзірлеу ісі де халықаралық ынтымақтастықтан тыс, «әркім өзі үшін» қағидаты бойынша жүзеге асырылуда.

Әлемде өзге баламасы жоқ Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің атына заты сай бірегей халықаралық ұйым ретінде пандемия кезінде аса белсенділік таныта қоймады. Ірі державалар арасында текетірес күшейіп келеді. Аймақтардағы қақтығыстар шиеленісе түсті. Бұл – өңірлік мемлекет ретіндегі Қазақстан үшін қолайсыз үрдіс.

Біздің экономикамыз санкциялық соғыстар мен саяси текетістерден шығынға ұшырауда. Еліміз сіздің бейбітсүйгіштігі мен өңірлік қауіпсіздікке сындарлы үлес қосуға әзірлігін тұрақты түрде көрсетіп келеді. Елбасымыз ядролық қаруға қарсы қозғалыстың көшбасшысы әрі жаппай қарусыздану саясатының нағыз жақтаушысы ретінде бүкіл әлемге танылды.

Тәуелсіздік жылдары бұл бағытты нығайту үшін көп жұмыс атқарылды. Ең бастысы – мемлекеттік шекарамыздың беріктігі! Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азия мемлекеттерімен арадағы шекарасының заңды түрде рәсімделіп, белгіленуінің, шын мәнінде, тарихи да, саяси да мәні зор. Шекара мәселесінде құжатты түрде екіжақты келісімнің болмауы қандай ауыр әрі ауқымды зардаптар мен қайшылықтарға әкелетінін көзіміз көріп отыр. Алыстан да, жақыннан да мысалдар аз емес.

Қазақстанның халықаралық дипломатияда бейбіт әлем туралы әрдайым өзіндік түсінігі, өзіне тән ерекшелігі болды. Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев көпекторлы, теңгерімді сыртқы саясатта Ресеймен стратегиялық серіктестікті, ынтымақтастықты нығайтуға және өңірлік интеграцияға баса мән берді. Бұл – дұрыс таңдау болды. Дегенмен, әлемдегі ахуал бір орында тұрмайды, алпауыт мемлекеттердің геосаяси мақсаты өзгеруде. Осындай жағдайда Қазақстан бірінші кезекте өзінің ұлттық мүддесін қорғауға міндетті. Сондықтан мен Еуразиялық экономикалық одақтың биылғы 19 мамырда өткен саммитінде интеграцияны Қазақстанның егемендігіне нұқсан келмейтін жағдайда ғана қолдайтынымызды ашық айттым.

– **Қоғамдық тәртіп мәселесі туралы сауалды да айналып өте алмаймыз. «Жұдырық бетке тигенге дейін» демократия сақталатыны белгілі. Бейбіт шерулерге шығатын азаматтардың жеке бас қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті сақтауы қалай реттеледі?**

– Бейбіт жиындар мен митингтерге қатысу – Қазақстан азаматтарының конституциялық құқығы. Ата заңымыздың кепілі ретінде азаматтардың құқығын толық қамтамасыз ету – менің міндетім. Бұл жөнінде былтырғы Жолдауымда айттым.

Парламент «Бейбіт жиындар туралы» жаңа заң қабылдады. Қоғамдық сараптамадан өткен аталған заң – менің ойымша, еліміздегі демократияны ілгерілету үшін жасалған маңызды қадам. Енді бейбіт жиындарды өткізу үшін рұқсат сұрамай-ақ, бес күн бұрын жергілікті билікке ескертсе жеткілікті. Осындай жиындарды өткізу үшін бірқатар арнайы орындар бөлінді. Митинг ұйымдастырушылардан қоғамдық тәртіп пен азаматтардың тыныштығын бұзбау талап етіледі. Сондай-ақ олар Конституцияға қайшы келетін үндеулермен шықпауы, ұлтаралық және әлеуметтік алауыздық туғызуы қажет. Бұл – қалыпты жағдай. Әсіресе АҚШ-та және басқа да дамыған елдерде болған соңғы оқиғаларды ескеру керек.

Халықаралық құқық қорғау ұйымдарынан грант алатын кейбір азаматтарымыз қабылданған заңды негізсіз сынайды. Олардың пікірінше, Қазақстанда «Митингке қашан шығамын? Кімнен шығамын және қай жерде өткіземін? Яғни өзім білем» деген жүгенсіздік қағидаты болуы керек екен. Әсіресе солардың митингіге шетел азаматтары мен көмекетке толмаған балалардың қатысуын талап етуін шектен шыққандық деп санаймын.

3-бет.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА ТҮР

Олардың ойы белгілі. Ондай адамдарға тыныштық пен тұрақтылық қажет емес. Ал біз қарқынды дамыған, татулығы жарасқан Тәуелсіз Қазақстанды сақтауымыз керек. Халық ең алдымен ел іргесінің беріктігін терең жауапкершілікпен сезінуі керек. Сонымен қатар мемлекет өз азаматтарының заңды талаптарына құлақ асуға, қаржылық және құқықтық мүмкіндіктер аясында оларға жәрдем беруге міндетті.

Жастар үшін әлеуметтік лифт орнықтыру керек. Мемлекеттік басқару ісіндегі және идеология саласындағы қателіктерді дер кезінде түзеткен жөн. Егер жұмыс осылай жүретін болса, сөзсіз әділдік орнайды. Мен мұны сайлау алдындағы бағдарламада айтқан болатымын. Сонда митингтің де қажеті болмай қалады.

Соңғы кездері елімізде «митингшілдік» белең алуда. Көбінесе азаматтарымыз сырттағы біреулердің арандатушылық ұрандарына еріп жүр. Бұл – аймақтық бәсекелестік күшейіп келе жатқан халықаралық аренада Қазақстанды ыңғайсыз жағдайға қалдырып отыр.

Қазақстан мен Өзбекстан – Орталық Азиядағы ең ірі мемлекеттер. Екі ел арасында кең ауқымды ынтымақтастық артып келеді. Бұл жерде экономикалық бәсекелестіктің де болатынын жоққа шығармаймыз. Осы жағдайларды әрқашан есте ұстау керек. Қазақстан өзінің көшбасшылық позициясын сақтап қалуға міндетті. Ол үшін елімізде тұрақтылық болуға тиіс. Егер ішкі мәдениетімізге салсақ, ол тұрақтылықты күшті құрылымдар емес, бірінші кезекте халықтың өзі қамтамасыз етуі қажет.

– Пандемия болсын, басқа да жасдайлар болсын, ел алдымен зиялының сөзіне құлақ асын, оның білісі келеді. Жалпы ұлт қиын-қыстау күндерде ғана емес, өзінің бүкіл жүріп өтетін жолында пассивар тұлғалардың соғынан ереді. Бұл орайда зиялы қауым қазір өз ролін дұрыс атқарып отыр деп есептейсіз бе? Бүгінгі таңда олардың қоғамдағы міндетін қалай елге, екіпейміз?

– Шын мәнінде, озық ойлы зиялы қауымның пікірі әлеуметтік шиеленіс кезінде маңызды рөл атқарады. Адамдар ақыл-парасаты арқылы ішкі түйсігіне құлақ асып, өзіне қажетті қорытынды жасап, өткен істен сабақ алады. Әсіресе бұл ежелден келе жатқан дәстүрі бар біздің қоғам үшін өте өзекті. Пандемия кезінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қосқан елеулі үлесі үшін барша зиялы қауым өкілдеріне, оның ішінде академик Төрегелді Шармановқа шынайы ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ біздің белгілі ақын-жазушыларымыз соңғы кездегі оқиғаларға белсендірек араласып, жастарға өмірлік тәжірибесін үйретіп, темірқазық секілді жол көрсете алады деп ойлаймын.

Қазір бүкіл дүниежүзі пандемия салдарымен күресіп жатыр. Әлемдік экономика көз алдымызда құлдырап, жұрттың өмір сүру салты өзгерді және осы үрдістер күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге айналды. Міне, осындай кезде жас ұрпаққа беделді ақыл-ой иелерінің парасатты пікірі ауадай қажет.

Бәрімізді, әсіресе жастарды «Әрі қарай қалай өмір сүреміз?» деген сауал мазалайды. Осындай сәтте біздің көзқарасымыз, болмысымыз, осы біз өмір сүріп жатқан жаңа заманның талабына сай болуы керек. Яғни тарихи тұрғыдан жаңартылған құнды-

1-2-бет.

лықтарға бет бұруға тиіспіз. Бізге қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп беретін ақыл-ой тұжырымы қажет. Жоғары заманауи технология, роботтар, жасанды интеллект дәуірінде ақыл-көнес түсінігі ерекше маңызды болмақ.

Жаңа заманда ар, намыс, ұят сияқты адами қасиеттерге қажеттілік бола ма? Менің ойымша, бұл – зиялы қауым өкілдері талқылайтын ауқымды философиялық мәселе. Үлгі-өнеге, ұлттық құндылықтар болмаса, машиналар мен роботтар әлемінде жұтылып кететініміз сөзсіз. Біздің ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармалары да маңызын жоғалтады.

Әрине, мұндай жағдайдың мүлде болмағаны жақсы. Сондықтан зиялы қауым өкілдері болашақ өмір туралы мәселені қазірден ой таразысына сала беруге тиіс.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Ел басқару аса зор жауапкершілік жүктейді. Бір жыл – көп уақыт емес. Десек те, осы кезеңге саяси сараптама жасаған белгілі саясаттанушы Нұрлан Сейдін мырза Сіз басқарған мерзім жөнінде «Сенім мен сынаққа толы жыл болды» деп тұжырымдапты. Осы орайда көш бастаған тұлға ретінде елдің болашаққа деген сенім-жігеріне қандай баға берер едіңіз?

– Баршаңызға мәлім, Қазақстан Президенті қызметін атқарған бір жыл оңай болған жоқ. Аталған мерзімді аса күрделі сынақтарды өткірген жыл деп айтуға болады. Дегенмен, мен халықтың қолдауын әрдайым сезіндім. Бұл маған күш-жігер беріп, мемлекет басқару ісін табысты жүргізуіме ықпал етті. Жыл бойы саяси және экономикалық салалар бойынша көптеген реформалар жүзеге асырылды. Бұл саясат алдағы кезеңдерде де жалғаса береді. Елімізді одан әрі жаңғыртуға, дамытуға қатысты идеяларым бар, ол идеяларды халық іс жүзінде сезінгенін қалаймын.

Біз мемлекет ретінде де, ұлт ретінде де бір орында тоқтап қалмауымыз керек. Ондай жағдайда ел тоқырауға ұшырайды. Оның зардабы мемлекеттігімізге тиеді. Ауыр тиеді. Ащы да болса айтайын, біз – қазақтар, осынау алмағайып күрделі әлемде, түптеп келгенде, ешкімге соншалықты қажет емеспіз. Өз мемлекетімізге ғана қажетпіз. Осы бір қарапайым қағидамыз ешқашан естен шығармауымыз қажет. Әлемдегі Қазақстанның жетістігін көре алмайтын, «мы-сықтылеу» саясаткерлер, тіпті мемлекеттер де бізден алыстап кеткен жоқ, маңайымыздан ұзамай, әр қадамымызды бағып отыр. Сондықтан елімізді өркендету, көркейту – тек қана өз қолымызда. Біздің осындай сындарлы сәтте қателесуге еш қақымыз да, құқымыз да жоқ. Және мемлекет құрушы ұлт ретінде бұл мәселені бірінші кезекте өзіміз терең сезінуіміз қажет. Өйткені қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр...

– Құрметті Президент мырза! Қоғамдағы түрлі саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани маңызы бар мәселелерге байланысты арнайы уақытыңызды бөліп, Ұлт басылымына сұхбат бергеніңіз үшін айрықша алғыс сезімімізді білдіреміз. Тәуелсіз Қазақстанның әлемдік геосаяси кеңістіктегі көш көлікті болғай! Еліміздің көш даудан, сырты жаудан аман болсын!

Сұхбаттасқан
Жанарбек ӘШІМЖАН.
“АНА ТІЛІ” газеті

● ЕЛОРДА

МЕЙМАНДОС МЕГАПОЛИС, ҚҰТТЫ МЕКЕН



1994 жылы 6 шілде күні Тұңғыш Президент – Елбасы Жоғарғы кеңес – бұрынғы Парламенттің пленарлық отырысында күтпеген ұсынысымен мінберге көтерілді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

«Бүгін астананы ауыстыру туралы мәселені талқыға ұсынамын. Алматы тәуелсіз мемлекеттің астанасы болу талабына лайық емес. Менің тапсырмам бойынша мемлекеттің жаңа астанасын орналастыруға оңтайлы жерді анықтау үшін республиканың бүкіл аумағы егжей-тегжейлі зерттелді. 32 тұрғыдан жүргізілген талдау барлық нұсқалардың ішінен ең дұрысы Ақмола қаласы екенін көрсетті», – деді Ұлт Көшбасшысы тағдыршешті тарихи сәтте.

Ол кезде Елбасы идеясының түбіне терең бойлағандар аз еді. Саяси кеменгерлік, байыпты көзқарас, келешекке сенім, біртұар мемлекет қайраткерлеріне тән табандылық пен батылдық болмай бұл мүмкін емес-ті. Елбасы бастамасын көпшілік жіті түсінген жоқ. Экономика онсыз да дағдарыс жағдайында, елде инфляция. Кәсіпорындар жұмысы тұралаған, жалақы мен зейнетақы кешіктіріліп жатыр. Осындай елең-алаң шақта астананы ауыстырғаны несі?! Бұл өзі қолдан келе ме?

Жоғарғы кеңес депутаттары қызу талқылаудан кейін ұсынысты қолдады. Алайда, көшіру жұмысына 30-40 жыл керек деп ойлады. Бірақ Нұрсұлтан Назарбаев осынша уақыт күтуді жөнсіз деп тауып, маңызды шешім қабылдауға қадам жасады.

«Жоғарғы кеңес төрағасы, Қазақстанның Халық жазушысы Әбіш Кекілбаев Елбасы ұсынысын қолдады. Проблеманың бүкіл Қазақстанның болашақ мұратынан туындап отырғанына назар аударды. Халықаралық аренада қазақ қоғамының әлеуеттілігін, қуаттылығын паш ететін факторға айналатынын атап көрсетті. Дауыс беру кезінде ұсыныс басымдықпен қабылданды», – деп еске

алады тарих ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Озғанбаев.

Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып ауысты. Жаңа елорданың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «Әлем қаласы» атағын алды. Қазақстанның бас қаласы – 2000 жылдан бастап Астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі.

Ал өткен жылдың наурызында Парламент палаталарының бірлескен отырысында Астана атауын Нұр-Сұлтан етіп өзгерту туралы тарихи шешім қабылданды. «Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз дәуірінің реформаторы, ұлы тұлғалардың бірі болып қала беретіні сөзсіз. Елбасымыз бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның негізін қалап қана қойған жоқ. Сонымен бірге, ол – Астана қаласының архитекторы. Сондықтан Парламенттегі әріптестерімді Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың астанамызға Тұңғыш Президент есімін беру туралы ұсынысын қолдауға шақырамын», – деді алқалы жиында сенатор Мұрат Бақтиярұлы.

Ешкімнің дауы жоқ шығар, Есілдің жағасынан бөй көтерген бас қала – Елбасының төл туындысы. Сондықтан қазақстандықтар бұл ұсынысты бірауыздан құптады. Қалаларды оның негізін қалаған адамдардың есімімен атау әлемдік тәжірибеде жиі ұшырасады. Мысалы, АҚШ-тың Колумбия округі Американың тұңғыш президенті Джордж Вашингтонның, Жаңа Зеландия астанасы Арутур Уэлсли Веллингтонның, Санкт-Петербург

бірінші Петрдің құрметіне қойылған. Елбасының егемен елді өркендету жолындағы еңбегі ерлікпен пара-пар. Сайын дала астанасын Сарыарқа төсіне қондыру да – Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясы. Сол себепті елорда атауын ауыстыру – сұңғыла саясаткер, көреген көшбасшыға деген құрмет десе болады.

«Қазір елорданың аты тәуелсіз Қазақстанмен қатар аталады. Әлем тарихындағы маңызды оқиғалардың осында өтуі қаланың абыройын асқаттатты. Сондықтан бас қала – бар қазақтың мақтанышы, жаңа мемлекет құру жолындағы үкілеген үміті. Оның атауын Нұр-Сұлтан деп жаңаша атау – Елбасына көрсетілген құрмет пен ризашылықтың көрінісі», – дейді жазушы Сәдібек Түгел.

Иә, Ұлт Көшбасшысы айтқандай, астана тәуелсіздігіміздің, дамуың шынайы көрінісіне, азаттық пен инновация рухына айналды. Қазақстандықтар үшін ол – Отанымыздың жүрегі, республикамыздың күш-қуатының іске асуының, динамикалық дамуының және тұрақтылығының көрінісі. Арқа төріндегі астана бүгінде түрленді, гүлденді. Шаһардың қанатын кенге жаюы қазақ халқының мерейін көтерді. Мұнда дүние жүзінің түкпір-түкпірінен туристік, дипломатиялық сапармен келушілер көп. Көптеген маңызды саяси шешім де нақ осы елордада қабылданып, түрлі шаралар өтетін болды. Әлем көз тіккен қала жылдан-жылға көркейіп, әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын әлдеқашан үдете түскен. Көз ілеспес жылдамдықпен алға озып, инфрақұрылымдық сатылардан тайсалмай өтіп, енес тіктеп үлгерді.

Алда – Нұр-Сұлтан қаласының мерейлі күні. Меймандос мегаполис, құтты мекен тұрғындары, күллі қазақстандық үшін бұл мерекенің тарихи, танымдық, тәрбиелік мәні зор. Өйткені мыңжылдықтар тоғысындағы мемлекеттің ресми орталығын ауыстыру туралы батыл шешім қай қырынан алып қарасақ та дұрыс болғанын уақыт дәлелдеді.

● БРИФИНГ

СЕНАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА 5 КАНДИДАТ ӨТІНІШ БЕРДІ

Парламент Сенатының депутаттығына кандидаттарды ұсыну 13 маусымнан басталды. Сонымен қатар, 12 шілдеде жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев мәлімдеді.

– 2014 жылы сайланған Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі осы жылдың қазан айында аяқталады. Осылайша, 12 тамызда Қызылорда облысынан еліміздің жоғары заң шығарушы органы жоғарғы палатасының бір депутатын сайлау қажет. Бүгінгі таңда «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 71-бабына сәйкес, 13-15 маусым аралығында облыс бойынша Сенат депутаттығына кандидаттардың өзін-өзі ұсыну тәртібімен 5 кандидат өтініштерін

берді. Облыстық сайлау комиссиясы кандидаттың Конституция мен Конституциялық заң қоятын талаптарға сәйкестігін анықтап, таңдаушылардың қолдарын жинау үшін қол қою парактары берілді, – деді Ғалым Қонақбайұлы.

Сенат депутаттығына кандидаттарды тіркеу барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады. 23 шілдеде жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады.

– Осы кезге дейін 2 кандидат тіркеліп оған тиісті куәлік берілді.

Олар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Айдын Қайруллаев және «Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Серік Сермағамбетов, – деді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы.

Сондай-ақ, сайлау алдындағы үгіт 23 шілдеде сағат 18.00-ден кейін басталады, 11 тамызда сағат 00.00-де аяқталады.

Қазіргі таңда облыстық сайлау комиссиясы қарантин және қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттілігі жағдайында онлайн режимінде жұмыс істейді.

«СБ» ақпарат

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНЫҢ 73-БАБЫНЫҢ 6-ТАРМАҒЫ 2) ТАРМАҚШАСЫНА СӘЙКЕС ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ХАБАРЛАЙДЫ:

Қызылорда облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат болып тіркелді:

1. Қайроллаев Айдын Бөкенбайұлы, 1981 жылы туған, қазақ, «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕ АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры, Қызылорда қаласының тұрғыны, «Nur Otan» партиясының мүшесі.
2. Сермағамбетов Серік Сағитжанович, 1965 жылы туған, қазақ, Қызылорда облыстық аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы, Қызылорда қаласының тұрғыны, «Nur Otan» партиясының мүшесі.

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы, 2020 жылғы 24 маусым

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНЫҢ 73-БАБЫНЫҢ 6-ТАРМАҒЫ 2) ТАРМАҚШАСЫНА СӘЙКЕС ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ХАБАРЛАЙДЫ:

Қызылорда облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат болып тіркелді:

1. Сарсенбаев Мурат Абаевич, 1970 жылы туған, қазақ, «Абай Дәулет» ЖШС бас директоры, Қызылорда қаласының тұрғыны, «Nur Otan» партиясының мүшесі.
2. Альназарова Ақмарал Шарипбаевна, 1971 жылы туған, қазақ, Қызылорда қаласының тұрғыны, «Nur Otan» партиясының мүшесі.
3. Шағиртаев Имамзала Қуанышбаевич, 1969 жылы туған, қазақ, «Таң-ЛТД» ЖШС директоры, Қызылорда қаласының тұрғыны, «Nur Otan» партиясының мүшесі.

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы, 2020 жылғы 26 маусым



● 28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ТІЛШІЛІКТЕН – ЕЛШІЛІККЕ

Ардагер журналист Ержан Уәйіспен бірінші рет жолығып тұрған жоқпыз. Бұған дейін түрлі парада кездесіп, ара-тұра Сыр өңіріндегі белгілі адамдар жайлы пікірлесетініміз бар. 90-шы жылдары телекөрерменнің жадында әбден сақталған ағамыздың Қазақстанның шетелде аккредитацияланған тұңғыш тілшісі болғаны – тарихи факт.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Ақ түйенің қарны жарылып, қазақ тәуелсіздік алғанда ең алғаш мойындаған да, құтты тілегін айтқан да Түркия еді. Түбі бір туыс халықтың бұл ниеттестігіне қазақ жұрты да шексіз қуанған. Егемендік келгелі ел бақытына үлесін қосып келе жатқан қажырлы ағамыздың өткен шақтан айтары да көп.

– Мемлекет тәуелсіз атанғалы Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстанды өркендету жолындағы игі істеріне куә болып келемін. Егемендікке алғаш қадам басып, шетелде аккредитацияға тіркелген тұңғыш қазақ журналисі атануым да – өмірдегі бақытты кезеңім. Тәуелсіз елдің Тұңғыш Президентінен алғаш рет сұхбат алған тілші атандым, – дейді Ардагер журналист.

Елбасы жанында жиі болған Ержан ағаның қолында тарихи сәттер бейнеленген көп сурет бар. Бұл кадрларды Түркия Президенті Тұрғыт Озалдың өзі сыйлаған жапондық фотоаппаратпен түсірген.

– 1992 жылы Қазақстаннан Түркияға ұшақ көтерілді. Біздің жақтан арнайы делегацияны көрнекті ғалым, сол кездегі ҚР Премьер-министрінің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков бастап барған. Тұрғыт Озал өзі қабылдап, біз Нұрсұлтан Әбішұлының ыстық сәлемін жеткіздік. Иығына қазақы шапан жауып, қолына қамшы ұстаттық. Әсерлі кездесуде мені «Түркияға келген алғаш қазақ тілшісі» деп делегация басышы таныстырды. Түркия Президентінің фотоаппарат сыйлағаны сол кез еді. Тамаша суреттер түсірдім. Екі ел арасындағы түрлі кездесулерден бөлек, Елбасымыздың түрлі сапарларындағы тарихи сәттерді осы фотоаппарат арқылы тарихқа айналдырдым, – дейді ардагер журналист.

Тұңғыштың аты – тұңғыш. Журналист оған дейін 23 жыл қазақ телевизиясында тілші, саяси шолушы, редактор. Парламент пен Үкіметтің арнаулы тілшісі болды. Түркияда жүріп, меншікті



тілшілікпен қатар, «Егемен Қазақстан», «Халық кеңесі», «Заман-Қазақстан» сияқты ел басылымдарына мақалалары шықты. Ел қызыға оқыған тұшымды дүниелерді сонда жүріп жазды. Германиядағы «Азаттық» радиосының Түркиядағы тұрақты тілшісі қызметін қоса алып жүргені бар. Ең бастысы, Түркияда Қазақстан елшілігі ашылғанда Стамбулдағы бас консул қызметін атқарды.

Айтпақшы, кейіпкеріміздің туған жері – әйгілі Әл Фарабиді дүниеге әкелген Отырар өлкесі. Маямқ деген шағын жұрттың топырағына аунап өскен ұлдың әкесі Үбәйдулла атақты Өзбекәлі Жәнібековпен бірге оқыған еді. Ал бүгін осындай тарихи аймақта туған тұлғалардың қатарында Қазақстанға еңбек сіңірген

қайраткер Ержан Уәйіс те бар.

– Менің атам Уәйіс діндар, тақуа, білімді, Арыстан баб кесенесінде 13 жыл шырақшы болып, жұртты иманға шақырған белгілі адам еді. Сол үшін ауыл адамдары «кожекеңнің үйі» деп құрметтейтін болған. Ел тарихына, жазба өнеріне құмартуым аталардың арқасы шығар. Осы уақытта дейін халық алдында абыройлы болуыма бабалардан қалған тәлім-тәрбиенің септігі тигені анық, – дейді Ержан аға.

Бала күнінен аудандық «Құзылқұм» газетін жағалап өскен оның облыс пен республикалық газеттерге шыққан бірнеше мақаласының әсері күшті болғаны соншалық, бірден «журналист болсам» деген арман-төңізге құлаш ұрды. Ауылдағы мектепті



Алтын медальмен бітірген соң, 1967 жылы ҚазМУ-дың журналистика факультетіне түскен. Содан кейінгі Ержан ағамыздың осы жолдағы өмір сапарын жоғарыда ғана айтып кеттік.

– Тілшілік тіршілікте көп жайттарға куә болып, ел тарихында мәңгі есте қалатын оқиғалардың ортасында жүрдік. Әсіресе, Елбасы сапарларында қабылданған оң шешімдердің басы-қасында болып, оны мақаладан бөлек, суретпен де сөйлеттік. Қазір сол тарихи кездесулерден фотоальбом жинақтадым. Деректі фильм түсіріп, келер ұрпаққа қазына ретінде қалдырдық, – дейді ол.

Қазақстан мен Түркия арасындағы достық туын тіктеуге атсалысқан журналист жайлы жазар дүние көп. 8 жыл Анадолы жұртында жұмыс

істеп, тілшіліктен елшілікке ауысып, журналистен дипломат атанған Ержан Уәйіс ел ағаларын көп жағалап, тәлімін бойға жинақтады. Шетелдегі тұңғыш қазақ журналисі атауына себепші болған Қалтай Мұхамеджановқа іні болып, Мырзатайдай ғалыммен сыйласа білді. Димаш Қонаевтай ел билеген, халық тұтқасы атанған ағасын Түркияға шақырып, ел аралатты, ыстық лебізіне қанығып, алғыс-батасын алды.

Бүгінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Бейбітшілік әлемі» сыйлығының лауреаты, Д.Қонаев орденінің иегері, Жанақорған ауданының құрметті азаматы атанған Ержан ағаның тілегі біреу-ақ. Ол – тұтас Қазақ жұртының бірлігі мен бейбіт өмірі.

Пандемия кезінде журналистер де дәрігерлер, полицейлер мен әскерилер сияқты қауіптің алдығын шебінде жүрді. Елде төтенше жағдай жарияланып, ел абыр-сабыр күйге түскен шақта олар азаматтық позициясынан айныған жоқ.

Сб Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

ЖАНКЕШТІ ЖУРНАЛИСТЕР

«Qyzylorda» телеарнасының арнаулы тілшісі Тәжімұрат Әлжанов – коронавирус инфекциясы жөніндегі жергілікті ахуалды тұрақты түрде ақпараттандыратын әріптестеріміздің бірі. Алғашқыда ауру жұқтырып алу қорқынышы болғанын, бірақ оны мамандығына деген махаббаты жеңгенін айтады.

– 28 наурыз. Сенбі. Облыста індетке шалдыққан бірінші науқас тіркелді. Шұғыл жаңалықтар шығарылымын әзірледік. Ертеңіне тағы бір ауру анықталды. Жұқпалы инфекцияның бізге де келгенін түсіндік. Әрине, әуелгіде үрей болды. Отбасымызды ойладық. Бірақ ақпарат таратып, көрерменге карантин талабын түсіндіру керек. Халық көп жүретін орындардан репортаж дайындадық. Бар қорғаныш құралымыз беттерде мен антисептик еді, – дейді ол.

Телеарнадағы әрбір шығарылым – ұжымдық еңбек. Оған кадр сыртында қаншама маман жұмылатынын бірі білсе, бірі білмейді. Тәжімұрат осы орайда журналистер Шолпан Исабекова, Асқар Тәжиев, Әкімжан Жолтаев, Елжас Әбділда, Еламан Жаматов, Азамат Әуезхан, телеоператорлар Бауыржан Қожамұратов, Алматы Мендібаев, Алпамыс Әшірбеков, Сырым Өтегенов, Бөгенбай Абасилов, Нұржан Музарапшин, монтажер Төрехан Қожаметов, Досхан Сәтбайдың есімдерін ерекше атады.

Түсірілім кезінде телеарнадағы әріптестеріміз түрлі жағдайға кезікті. Талапты бұзғандар өздеріне дүрсе қоя берген. Сонда да оларды өзирден көрсетті. Басқаларға сабақ болсын деді. Науқастармен, дәрігерлермен тілдесіп, түрлі сюжет әзірледі.

– Халықты ресми ақпаратқа сендіру оңай болған жоқ. Көбі мұны саясатқа балап, бейкам жүрді. Салдарын көріп отырсыздар. Індет өршіп кетті. Жаппай тұмауаратып, дене қызуы көтеріліп, салқын тигізгесін ғана сақтана бастады. Сонда да ауруды баланың сандырағына балайтындар бар, – дейді Т.Әлжанов.

Облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Ержан Қожасов та әріптестерінің көбі үйден жұмыс істеуге көшкенде тосқауыл бекеттері мен арнайы штаб жұмысын үзбей көрсетті.

– Тәртіп сақшылары, медицина қызметкерлері, әскерилер қиын кезде үй көрмей еңбек етті. Мысалы, полиция аға лейтенанты Әлібек Ержанов екі айға жуық уақыт бойы қаладағы тосқауыл бекеттерінің бірінде қауіпсіздікті күзетті. Одан бөлек, қорғаныш құралдарының тапшылығын болдырмау үшін маска тігіп, халыққа тегін таратқан еріктілер еңбегін айтуымыз керек, – дейді журналист.



ТІКЕЛЕЙ ЭФИР – АРНАНЫҢ АЙНАСЫ

Кішкентай кезінде дәптерді бүктей салып, микрофон қылып сөйлейтін. Терезенің өйнегін теледидар етіп, талай рет «жаңалықтар жүргізді». Сонысына өзі дән риза. Журналистерді түгел танымаса да, диктордың атынан шатасқан емес. Кейіннен бала арман айна-қатесіз орындалды.

Сб Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Телеарнада 24 жылға жуық қызмет атқарған, 10 жылдан бері тікелей эфирде хабар жүргізетін Алтынай Молжанова «Халық» үлкен сыншы. Бүгінгі аудиторияның талғамы өте жоғары. Әрбір айтқан сөзінді, іс-қимылыңды қалт жібермейді. Сондықтан үлкен дайындықпен келуің шарт» дейді.

Әкесі көзі ашық, керемет сұңғыла кісі еді. Алтынайдың әр хабарын қалт жібермей қарады. Эфирдегі әрбір сөйлеген сөз, киімі, студиядағы қонақпен арадағы мәдениет – барлығын бақылап, жақсы тұсын да, кемшілігін де айтып отырды. Ал анасының аузынан тастайтын бір тілегі бар. «Алла абырой берсін» деген. Алтынайдың ел алдындағы абыройының еселенуі сол еке ықыласы, ана тілегінен.

Облыстық телеарнаның табалдырығын Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде оқып жүрген 1996 жылы алғаш рет атады. Өндірістік тәжірибеден өтуге бір топ студент болып келген. Бәрі – облыста даярланып жатқан алғашқы журналистер. Микрофон, камера, бұған дейін тек экранда көрген адамдарды көріп ан-тан. Бірақ сол жолы қасиетті қарашаныраққа жасаған алғашқы қадамы құтты болды.

Телеарнадағы ең алғашқы еңбек жолы осы студенттік шақтан бастау алды. Телеарнаның сол кездегі басшылары Серік Пірназаров пен Жағыппар Қарабала біраз сынақтан өткізді де, студент болғанына қарамастан облыстық радиоға тілшілік қызметке алды. Ал келер жылы қызыл дипломды Алтынай арнаның толыққанды қызметкері атанып шыға келді.

Телеарна оның қызметтік ғұмырнамасын ғана қалыптастырған жоқ, өмірін де өзгертіп жіберді. Радиоға жұмысқа қабылданған уақытта Жалғас Әлібеков деген жігіт Алтынайдың қолдаушысы да қамқоршысы болып алды. Үш жылдық тәжірибесі бар дыбыс операторы Жалғас жас тілшінің мәтінді дұрыс оқуына, жұмысқа үйренісіп кетуіне көмектесті. Жан-жағындағы жанашыр апайлары жігіттің адамгершілігі мол екенін Алтынайдың құлағына әбден сіңірді. Арадағы достық одан әрі өрбеп, бақыттары баянды жұпқа айналды.

Жиырма жеті жылдық еңбек өтілі бар Жалғас Әлібеков – бүгінде телеарнадағы жетекші дизайнер.

–Негізінде, қыз бала үшін тележурналист болу оңай емес. Бей-мезгіл уақытта оператормен бірге



бірнеше күндік іссапарға шығуға дайын болуың керек. Оператор асынан бейнекамера, штатив сынды құрал-сайманның салмағы 20 келіден асып түседі. Өнімді тірлік жасау үшін оператордың бір жағында оның дорбасын бірге аркалап жүруге тура келеді. Бірақ өз ісін сүйген адам мұның бәріне көнеді. Тұрмыс құрған соң бұл жағдай әбден өзгеруі мүмкін. Отбасындағылардың қолдауына мұқтаж болатының белгілі.

Көптеген әріптес құрбыларымыздың уақыт өте келе мамандығынан алыстай беретіні де отбасы құруымен байланысты болатыны жасырын емес. Осы ретте айтамын, мен жолы болған журналисттің, – деді Алтынай апай ағынан жарылып.

Өзі бала күнінде дәптерден микрофон жасап алса, балалары шын микрофонды ұстап өсті. Қызы Шапағатайым мен ұлы Нұрасыл бала кезінен телеарна әзірлеген фильмдердің кішікентай кейіпкерлері ретінде талай түсірілімге қатысты.

Кейіннен екеуі де Назарбаев зияткерлік мектебінде білім алды. Шапағатайым Алматы энергетика және байланыс университетіне грантпен оқуға түсіп, инженер мамандығы бойынша биыл оқу бітірді. Жақында Мәскеу экономика институтының дипломы да қолына тигелі тұр. Ал, Нұрасыл

Қазақ-Британ Техникалық университетінде гранттың негізінде білім алуда. IT мамандығының 4-ші курс студенті.

Телеарна Алтынайды азамат ретінде қалыптастырды, тұлға ретінде көпшілікке танытты. Әдетте, той-томалақтарда әлдекімдер «о-о-о, Алтынай Молжанова, сізді «тірілей» көрдік, суретке түсейік» деп жатады. Сонда ол «түпнұсқа, оригинал Алтынай деңіз» деп әзілдеп жауап қатады. Бір білеріміз түпнұсқа Алтынай мен теларнадағы Алтынай бір-бірінен алшақ емес. Отбасында да, қызметте де ақжарқын қалпынан айнымайды, еңбектенуден жалықпайды, абыройды бірінші қояды. Бұған өзі де, бақытты отбасы да дәлел.

ҮЗДІК БАСПАСӨЗ ХАТШЫЛАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күні қарсаңында облыстық «Сыр бойы» газетінің сайтында «Үздігін таңдаңыз!» байқауы ұйымдастырылды. Онда бірқатар саланың, қала және аудан әкімдерінің баспасөз хатшылары сынға түсті.

Сб Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»


Білік пен БАҚ арасында дәнекер бола жүріп, өздері көбіне таспада қалатын мамандардың арасынан үздігін анықтауға оқырман өте белсене араласты. Нәтижесінде Жанақорған ауданы әкімінің баспасөз хатшысы Нұрбол Бәкіров басым дауыспен жеңіске жетті. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ресми өкілі Лаура Шонғалова екінші, облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз хатшысы Жанат Жәлиева үшінші орыннан көрінді.

Нұрбол Бәкіров – 2017 жылдың тамызынан бері осы қызметте. Оған дейін аудан әкімінің көмек-

шісі болды, аудандық жастар ресурстық орталығын басқарды. – БАҚ-пен жұмыс істеу әуелгіде қиындық тудырды. Өйткені мамандығым журналист емес еді. Бірақ бірнеше жыл бойы аудан әкімінің қасында жүріп, жазу-сызуға жақындай түстім. Қызық әрі жауапкершілігі жоғары жұмысқа осылай бет бұрған жайым бар, – дейді ол.

Он жылдан бері спорт саласын үздіксіз ақпараттандырып келе жатқан Лаура Шонғалова да баспасөз хатшысы боламын деп еш ойламаған.

– Бұл жұмысқа қызығушылығым тек жарыстарға бар-



ғанда пайда болды. Ол кездегі атмосфера, жеңіске деген ынта-жігер, жанкүйерлер қолдауы – барлығы қатты әсер етті. Сырбойылық спортшылардың

жетістіктерін жарыққа шығарған жылдарым – мен үшін үлкен мектеп, – дейді ол.

Байқау жеңімпаздарына арнайы дипломдар табысталады.

● ДИҢГЕК ДИДАРЫ

КӨКЖИЕК КӨЗ ҰШЫНДА МЕНМҰНДАЛАП

СІЗ ОСЫ СЕЙТҚАЛИДЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Сыр елінде ашы терін төгіп туған жерін түлеткен санаулы азаматтар бар, солардың бірі – Сейтқали Алшынбаев.

«Құрмет» орденінің, «Ерен еңбегі үшін», «Білім меценаты» алтын медалінің иегері. Білім саласына қосқан үлесі үшін «Алтын жүрек-2013» сыйлығын жеңіп алған. Қазақстанның құрметті құрылысшысы, Қызылорда қаласының құрметті азаматы.

Бұл есім руханият жанашыры есебінде де жақсы таныс. Қай жылы қазақ айтыс өнерінің белді өкілі Айбек Қалиев Қызылордаға келгенде өз қаржысы есебінен көлік сыйлады. Еш есебі жоқ, тек айтысты жақсы көргені үшін. Тіпті Айбек ақынның өзін бұрын теледидардан ғана көріпті. Сол сияқты баспасөз мерекесі қарсаңында жазғандарын өзі ұнатып оқитын біраз журналистерге де сый-сияпат жасап жүретіні бар. Ол ісін атап-түстеуді қажет деп есептемейді.

Осы жомарт кәсіпкердің есімі ең алдымен балабақша саласын дамытуден байланысты белгілі болған еді.

Қызылордада балаларға барлық жағынан жағдай жасалған үш бірдей балабақша салды. 360 орынды «Шұғыла» балабақшасы 2010 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Онан соң ілешала 100 адамды жұмыспен қамтыған, 320 балаға шақталған «Нұр-Шұғыла» пайда болды. Сосын «Алтын Орда-Шұғыла» салынды. Ал, 2017 жылы Алматы қаласынан 50 тәрбиеші мен қызметшіге, 150 бүлдіршінге арналған «Алтын орда-Шұғыланың» филиалын ашты.

Балалардың бұл тамаша ордаларына кәсіпкер 1,5 миллиардқа жуық қаржысын жұмсады.

Бірде біз кәсіпкерден: «Балабақша бизнесі қаржыңызды қаншалықты еселейді?» – деп сұраған едік. Сондағы ол кісінің жауабы мынау: «Шаршаған шақтарда балабақша ауласына келіп балғындардың шат күлкісін естуден артық рахат сезім болмайды.»

Осы сөзбен тоқталды. Мен кейінірек әңгіме суыртпақтап Сейтқалидың алыста қалған тағдыр-талайына апаратын соқпаққа түстім.

ҚАП АРҚАЛАҒАН БАЛА

...Сейтқали он бір жаста еді. Кенжеғали атты інісі өмірге келген. Бір жасында сол бала аяқасты ауырды. 1973 жылдың жазында, таң азанғы мезгілде бейкүнә сабидің жарық дүниені әлі танып үлгермеген мөлдір көзіндегі нұр шапағы қараңғы түнекке біржола сіңіп кетті.

Анасы төсегінен үрдектеп тұрған Сейтқалидың басынан сипалды.

Ііс шығару керек, балам. Тартоғайдағы ағанның үйіне барып үн әкелмесе болмас, – деді.

Сонда үйде бауырсақ пісіретін ұн да жоқ екен. Мүшелге әлі толмаған Сейтқали өзін ересек сезініп жолға шықты. Ауылдан үш шақырым үлкен жолға дейін жаяулап барды да, өткішні автобуска мініп, Тартоғайдың аузынан түсті. Сәйдім ағасының үйі стансадың батыс шетіндегі кіріпші зауыты маңында тұратын, оған дейін де біраз жер.

Үйде жеңгесі бар екен. – Кенжеғали қайтыс болды. Апам үн әкел деп жұмсады, – деді. Өзін қанша сабырлы көрсеткісі келсе де, даусының дірілі басылмады.

Жеңгесі жағдайды естіп күйбеңдеп қалды.

– Ойбуй, Үлкен бала, жеткізіп беретін аған да үйде жоқ. Көтергеніңше алып кетесің, енді, – деп бір қапты босатып, соған екінші қаптан орта белінен келтіріп ұн салып берді. Он кіләдән көп болмаса аз емес жарты қапты Сейтқали арқаға салып, үлкен жолға қарай тартты. Шыға бере жаңбыр сіркіреді. Қаптың салмағы ауырлап, алдымын кері аштырмайды. Төпеңдеп темір жолды кесіп өтті, ағылған асфальт жолға да жетті.

Жолға шығысымен дөңгелеп өткеннің бәріне қол көтере бастады. Қабын арқасынан түсірген жоқ, өйткені жер шалшық. Бір жүк машинасы өткікіреп барып, су шаша тоқтады. Шопыры еңкейіп қанының жолаушы жақ есігін өзі ашты. Ентелеп жеткен Сейтқали:

– Аға, інім қайтыс болып еді, – деп қабанаға тырмысты.

Сөзі қап емес, мәйіт арқалап келе жатқандай әсер етті ме, әуелі тіксініп қалған шопыр тез-тез затын көтерісіп, баланы қолынан тартып мінгізіп алды. Дәл осы сәт – Сейтқалидың қуанатын сәті. Себебі жанбырдың астында қап арқалап тұрғанда бір мейірімді машина тоқтап, мінгізіп алып бара жатыр. Бірақ ол қуана алмайды. Оның жан дүниесіне мейімдеп мұң толып қалған. Алқымына қайғының ашы жапыраны лықсып келіп тұр. Сондықтан да аузынан інісінің қайтыс болғандығы туралы сөз бірінші болып шықты.

Бейтаныс шопыр ағасының үйінен келе жатқанын айтқанда:

– Ө, танымын, – деді. Тани ма,

танымай ма, мүмкін баланың көңілін жұбатқысы келгені шығар. Ол жағы беймәлім. Өзі тіке Шиеліге өтіп кету керек екен, өйтпеді. Бәйгекұмнан «Отызжылдыққа» қарай бұрылып, тағы үш шақырымға жақындатып, ауыл ортасынан түсірді.

Сейтқали үйдің төбесі көрінгенде жарты қап ұн емес, жеп-жеңіл мақта арқалап келе жатқандай жүгіріп кетті. Арқасындағы қабын есіктің алдына тастай салды да анасының құшағына ұмтылды. Денесінің әлде ысығанын, әлде тоназығанын біле алмай келген бала ана құшағынан мият тауып, қапсыра құшақтаған қалпы бір сәт көзінен жас ағылып, қимылсыз, үнсіз тұрып қалды...

Сол сәтте Сейтқалидың көкірегіне өмірбойы кішкентай балаларға жақсылық жасасам, шіркін-ай, ана деген аяулы жанға олардың жылағанын көрсетпесем деген ұлы арман ұлаяды.

ӨМІР САПАРЫНДАҒЫ СОҚПАҚТАР

Сейтқали Қызылорда қаласындағы политехникалық техникумды бітірді. Техникумда орысша тіл сындырды, кітапты басына жастап жатып оқыды. Ақшаны үнемдеп жұмсауды үйренді. Жиырма сом стипендиясын тамаққа, жолпұлға, үйге деп бөліп-бөліп қоятын. Сөйтіп үлкен өмірдің алғашқы соқпақтарынан өтті.

1981 жылдың қараша айында Қызылорда автобус паркіне жұмысқа орналасты. Ол кезде көлік жөндейтін арнайы құрылғылар аз. Жұмыс қолмен атқарылады. Диагностиканы компьютерлік бағдарламамен жүргізу деген түсінікке де, түске де кірмеген кез. Осы жұмыста сегіз айдан соң техникалық қауіпсіздікті сақтау инженері болып қызметі өсті. Сейтқали жыл сайын жұмысқа төселіп, өмір сүрудің озық дағдысын қалыптастыра бастады. Ата-ене қолындағы отбасын қалаға көшіріп, өзі істейтін мекемеден пәтер алуға қол жеткізді. Алайда, жас жігіт қызметпен ғана шектеліп, жеткілікті табысқа кенеле алмайтынын түсінді. Сондықтан еңбек демалысы күндерінде бір «КамАЗ» автокөлігін тіркемесімен қоса толтырып, кіләсін 12 тиыннан қауын сатып алды. Қауын Ресей жакта қымбат, өйткені олар бұл дақылды екпейді. Осылайша Тюмень, Тобольск қалаларына қауын апарып сатты. Ол жакта ауылдан сатып алған бағаннан 12-13 есеге қымбат өтеді.

Бір жылғы қауын сату сапарында Челябин облысының Златоуст қаласын таңдады. Сол жердің наркы көңілден шықты. Бұл қаланың өзі де Сейтқалиды ерекше қызықтырды. Таулы, орманды өлкеде орын тепкен қала өте әсем, аты әулие Иоанн Златоустың құрметіне қойылған. Біздің заманымызға дейінгі төртінші ғасырда өмірге келген бұл кісі шіркеу шырақшысы болған. Ол уағыз айтқанда оны тыңдауға мыңдаған адам арнайы келеді екен. Жағымды дауыспен мәнерлеп сөйлейтін Иоаннға «Златоуст» деген есімді халық берген. «Золотой уст», яғни, «алтын ауыз» деп атаған. Біздің жырауларды «күміс көмей» дейтініміз сияқты.

Қауын сату – Сейтқалидың еңбек демалысын пайдаланып атқарған жұмысы. Ол өзінің кәсіби жұмысында да айтулы табысқа жетті. 1990 жылы автобус паркі жабдықтау бөлімінің бастығы болып қызметі көтерілді.

Сол жылы облыс басшысының тұтынушы халық кыста да көкөніспен қамтамасыз етілуі керек деген тапсырмасы болған. Бұл үшін әлеуетті мекемелерге жылыжай салу міндеттелді. Автобус паркінің бастығы Жаксылық Жарылқағанов мамандарды жиып, мекеме есебінен екі мың шаршы метр болатын екі жылыжай салу керек деді. Осы іске 5 вагон шыны қажет болды. Мамандар Ресейде шыны зауыты бар екенін, онда әйнектің бір шаршы метрі 8 сом 45 тиын екенін айтты. Тәжірибелі бастық бұл бағаның қымбат екенін ішінен есептегендей ол ұсынысты



мақұлдамады. Осы жұмыспен мекеме бастығы Сейтқалиды Түркіменстанға жіберді. Ол бөгелместен іссапар қағазы мен қажетті қаражатын алып, Ташкентке ұшты. Онан әрі Ашхабадқа келді. Таксиге отырып, білгендерден сұрап Ленин атындағы шыны комбинатына келіп түсті.

Комбинат бастығының орынбасары Амин Медетович Сарджаев деген кісі екен, неде болса мұсылман ғой деп Сейтқали комбинат бастығы Поповка емес, орынбасарға кіруді ойлады. Өзі ойлағандай Амин Медетович жылы жүзді кісі болып шықты. Сейтқали 5 вагон шыныны Байқоңырға керек деп түсіндірді. Шыны құнына күрші беріп айырбас жасайтынын айтты. Әлемге аты мәлім Байқоңырды айтса мәселе тезірек шешілер деген. Амин Медетович бұл істі Москва арқылы шешу керектігін еске салып, ойлаып қалды. Кенес одағының ыдырамаған кезі. Мұндай үлкен кәсіпорындарды тікелей Москва басқарады. Бірақ бастықтар өзара келісіп шешсе де, олардың қолын ешкім қаға қоймайды. Сейтқали Аминге өзімсіне сөйледі.

– Бастығыңызбен ақылдасыңыз, мен келісімнен тыс 10 тонна күрші әкеліп беремін. Оған автобус паркі есебінен 15 автошин, 10 аккумулятор қосқызамын, – деді Сейтқали сенімді дауыспен.

Бұны естіген Амин:

– Бір пар «Волганың» доңғалағын қоса аласыз ба? – деді.

– Әрине. Сіз онда маған комбинаттан шынының жіберілетіні туралы ресми хат жазып беріңіз, – деп екеуі қол алысты.

Осылай шаршы метрі 2 сом 20 тиыннан 5 вагон шыны алатын болып келісім жасасты. Бұл Ресейден аламыз деген бағадан төрт есе арзан еді. Сосын келген ізмен тез кері қайтты. Бастықтан тапсырма алғаннан кейінгі төртінші күні қайтадан бастықтың кабинетіне келіп кірді.

– Сен әлі жүрсін бе? – деді Жаксылық. Көзін еденге жағалатып отырып барып тіктеді.

– Мен тапсырмаңызды орындап Түркіменстаннан келіп тұрмын, – деді Сейтқали. Бастық сенерін де, сенбесін де білмей бөгеліп барып, орнынан атып тұрды. Сейтқалиды ертп облыстық автокөлік басқармасының бастығы Сансызбай Құттыбаевтың алдынан

бір-ақ шықты. Қуанған Құттыбаев мамандарға 5 вагон әйнектің күршіше шаққандағы бағасын шығарып, оған қоса басқа да қажет заттарды дайындап беруді жүктеді.

Он тонна күрші артылып, жұлқынып тұрған жүк машинасымен Сейтқали тағы да жолға шықты, алдында 3 мың шақырымдық сапар жатты. Екі тәулік жүріп, Қарақұм каналынан өтті, Мариге жетті. Жүргізуші Нартай атлас картаға қарап алады да, келіп-кетіп жүрген жеріндей жүйткі береді. Өзіне сенімді, адастырмайды. Осы жүріспен төрт күн дегенде Ашхабадқа, бағы шыны комбинатына келіп жетті. Амин Медетовичтің кабинетіне маңдай тіреді. Көзінің бірден түскені кабинет есігіндегі орынбасардың аты-жөні жазылған тактайшаның алынып тасталғаны болды. Қапелімде сасып қалды. Амин аяқасты қызметтен кеткен болса, енді кіммен сөйлеспек, 5 вагон әйнектің тағдыры не болмақ?

– Сіз кімді іздеп едіңіз? – деді жазу машинасын пулеметше сатырлатып отырған қыз.

– Амин Медетовичті.

– Ол кісі қазір комбинаттың бас директоры болған. Кабинетін көрсетіп жіберейін, – деп хатшы қыз орнынан тұрғанда, Сейтқали туған ағасы директор болғандай қуанып кетті.

Амин өзін ескі танысындай жылы қарсы алды. Дерев орынбасарын шақыртып, 5 вагон әйнекті барар жеріне жеткенше қадағала, – деп тапсырды.

Бұл артта қалған өмір соқпақтарының бір-екі сілемі ғана.

2000 жылы Сейтқали осы бүгінге дейін құрылыс салу жұмыстарымен айналысып келе жатқан «Нұрай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрды және соның басшылық тізгінін ұстады.

БҰЛ МЕКТЕП БҰРЫНҒЫЛАРДАН ӨЗГЕРЕК

«Нұрай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі облыстың елді мекендерінде 6 мектеп құрылысын салды. Теренөзекте, Қалжан ахунда, Майлыбаев атындағы ауылда, Сұлутобеде, Талсуатта және Қызылорда қаласында.

Мемлекеттік жекеменшік әріптес-

тік аясында Қызылорда қаласының іргесіндегі Досан елді мекенінде жалпы сметалық жобасы 347,2 млн теңгені құрайтын типтік жобадағы 100 орындық мектеп құрылысына С.Алшынбаев өз қаражаты есебінен 69,4 млн теңге қайтарымсыз қаражат салып, 2013 жылы пайдалануға берді.

2019 жылы өткен «Байқоңыр» VI инвестициялық форумында ондаған жоба ұсынылған еді. Солардың ішінен бүгінде іске асырылып жатқан бірегей жоба – Қызылорда қаласынан 500 орынға арналған жалпы білім беру мектеп құрылысы жобасы. Мұны жүзеге асыруды қолға алған «Нұрай» ЖШС өткен жылы қала әкімдігімен өзара ынтымақтастық туралы Меморандум жасасты.

Бұл шешімге Сейтқали Алшынбаев бір күнде келе қалған жоқ. Ол туралы өзі бір парақ қағазды алып былай деп жазды: «Бойымдағы алпыс екі тарам тамырға қан таратып тұрған жұдырықтай жүрегім керемет бір туындыны өмірге келтіруді аңсады. Сондай сағыныш тудырған ыстық сезіммен «Зерде» деген мектеп құрылысын салуға ниет жасадым. Дәл бүгінгі күннің экономикалық, әлеуметтік жағдайында бұл – үлкен тәуекелшілдік шешім. Дегенмен, мен осы жолды таңдадым. «Зерденің» табалдырығын аттаған әрбір баланың зерделі, зейінді, жүрегінде иманы бар ибалы болып тәрбиеленетініне сенемін». Сол ақ паракты бүктеп кеудесінің тұсына салды. Сосын бұл қандай мектеп болады деп ойға шомды. Мектеп түрі ұлттық болады. Идеясы қазақ дәстүрі, түрік өркениеті және әлем өркениетіндегі озық мектептер үлгісіне негізделеді. Тірек сөзі: «Бала бойына обал-сауап, арам мен адал ұғымын сіңіру». Математика, қазақ тілі, ағылшын тілі, IT технологиян пәндеріне басымдық беріледі, сонымен бірге балалар спорт пен музыканың бірнеше түрімен айналыса алады. Оның ішінде көп жерде кенжелеп келе жатқан ұлдар үшін садақ ату, қыздар үшін кесте тігу өнері де қолға алынады. Осындай білім беру ісіне жан-тәнімен педагог, үздік мұғалімдер іріктеледі.

Мектептің орналасқан жері, Есен Демесінов көшесі – қаланың ең көрікті, келбетті бөлігі, сол жағалауға өтетін жаңа көпірдің жаны. Сейтқали Алшынбаев осы жобаны жүзеге асыруды ойлағанда балалардың көз алдында тұратын панораманы да естен шығармады. Ұш қабатты мектептің үлкен, жарық терезелерінен шығыс жаққа назар салғанда «Мұз айдыны», «Еуразия», мұнайшылар кешені секілді сәнді ғимараттар мен қала орталығы жарқырайды. Ал, батыс жаққа қарағанда Сырдария өзені, әсем салынған халыққа қызмет көрсету орталығы, «Болашақ» университетінің кампусы асқақтап тұрады, бұл көрініс балалардың арманын қанаттандырады.

Жақында біз құрылысы аяқталудың алдында тұрған «Зерде» мектебіне бардық. Айтса, айтқандай екен. Сынып бөлмелері үлкен, біз көрген мектептердің дәлізіне үзіліске шыққан балалар тоғытылып сыймай жатағын. Бұл мектепте ондай мәселе туындамайтын сияқты, тынысын кеңіп сала береді. 300 орынға арналған асхана, балалардың үзіліс кезінде бір пәс аяқ киімін шешіп, үйдегідей көрпешеге көсіліп жата кететін атапаштырым бөлмесі қандай әдемі. Ал, мектептің конференц залына қала көлеміндегі іс-шараларға да өткізе беруге қолайлы. Бұларға қоса мектеп жанынан салынған жатақхана болмақ. Онда алыс аудандардан оқуға келген балалар жатады.


Мектеп құрылысымен танысқан сәтте біз Сейтқали Алшынбаевты сөзге тарттық. Ол кісі былай дейді: «Бұл мектептің сызбасын өте тәжірибелі «Асар-Гарант» жобалау тобы жасады, қазір есік, терезе, күмбез шатыры секілді бөліктердің әрлеу жұмыстарымен «Галакс» түрік фирмасы айналысып жатыр.

Біздің балабақшалардан шыққан бүлдіршіндер осы мектепке келіп оқитын болады. Ерекшеке колледж салуды жоспарлап отырмыз. Сол кезде осы мектепті бітірген түлектер сол колледжде білімін жалғастырады.

130-ға жуық адам жұмыспен қамтылады. Іріктеуден өткен мұғалімдерге серіктестік өз есебінен үй беріп, басқа да жағдайына көмектеседі. Ең басты мақсат – сапалы білім, саналы ұрпақ тәрбиесі».

Ол ылғи да алысқа қарайды, үнемі келешектің көкжиегін іздейді. Оны ойша табады, сосын рух күшін жиып әрекетке көшеді. Бұл мектеп те менмұндалаған алыс көкжиектен көзге шалынып еді...

Дүйсенбек
АЯШҰЛЫ.



● COVID-19: МАМАН МІНБЕРІ

Жүкті әйелдер ауру жұқтырған

Сонғы 9 күнде 8 жүкті әйел COVID-19 диагнозымен босанды. Оларды босандыруға Ақмарал Жанәбіл, Жанар Нұрымбетова, Айнұр Әжімұрат, Дана Нұртазева, Ақбота Қоңқабаева сынды дәрігер, акушер-гинекологтар атсалысты. Ал акушерлер Айгерім Енсенбаева, Ғалымжан Құдайберген ана мен баланың аман-есен болуына, толғақ басталғанынан бастап босануына дейін көп жұмыс атқарды. Одан кейін нәрестенің жағдайын қадағалауға Раушан Балтаева, Мақпал Керейтібайқызы, Шынар Қасымова неонатологтар, мейірбикелер қатысып, баланың жағдайының тұрақтануына үлкен үлес қосты.

Өздеріңізге белгілі, бүгінде әлем елдері үшін ортақ індетке айналған COVID-19 вирусын жұқтырғандар саны артуда. Сол себепті ана мен баланың қауіпсіздігі мен індеттің алдын алу үшін маңызды шешімдер қабылданып, тиісті шаралар дер кезінде атқарылуда. Осыған сәйкес карантиндік

1-бет.

шектеулер қатаң сақталып жатыр. Орталықтың екі ғимаратында да науқастардың күнделікті COVID-19 ауруына күдікті науқастармен байланысын болдырмау мақсатында филтр-изоляцияр қызметі жалғасып, екінші ғимаратымызда провизорлық стационар қайтадан ашылды. Науқастарға, қызметкерлерімізге түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Коронавирусқа күдікті босанушы келгенде медицина қызметкерлері өзін-өзі қорғау мақсатында обаға қарсы 1-типтік костюм (ПЧК) жиынтығын пайдаланады. Қазіргі таңда орталықтың провизорлық стационары барлық құрал-жабдықтармен және дәрі-дәрмектермен, жеке қорғаныш құралдарымен қамтылған.

Жалпы облыстық перинаталдық орталығында 620 қызметкер жұмыс істейді. Олардың 35-40%-ке жуығы жастар. Пандемия кезінде өмірлерін қауіпке тігіп, қызмет істеген мамандарымыз мемлекет тарапынан қолдау тапты. Дәрігерлер, акушер, мейірбике, тазалықшыларымызға провизорлық

стационардан үстемеақы төленіп отыр. Сондай-ақ, жақында өткен Медицина қызметкерлері күнінде орталық дәрігерлері Денсаулық сақтау министрлігінің, облыстық денсаулық сақтау басқармасының Құрмет грамотасымен, Алғыс хаттарымен марапатталып, ақшалай сертификаттарға ие болды.

Қазіргі кезде облыста ауру өршіп тұр, яғни, індеттің қаупі әлі сейілген жоқ. Халық сақтық шараларына салғырттық танытып, тиісті органдар талаптарына, кеңестеріне құлақ аспауы облыста эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне себеп болып отыр. Сондықтан әрбір тұрғын мамандар кеңесіне құлақ асып, карантин талаптарын орындаса, инфекцияның да таралуын тез тоқтатуға болады. Бірақ тұрғындарымыз қауіпсіздік шараларын сақтамай жатыр. Әрбір адамның өз денсаулығы өзіне керек, әсіресе, жүкті әйелдер өздерінің денсаулықтарына асқан жауапкершілікпен қарауы тиіс. Көпшілік жерге бармау, үйге қонақ шақырмау және

сақтық шараларды қатаң ұстап, ережеге бағынуы керек. Сонғы бір аптаның ішінде симптомдары жоқ, бірақ анализ алғанда оң нәтиже (положительный) көрсеткен 9 жүкті әйелдің 8-і босанды. Егер әйелде оң нәтиже көрсеткен жағдайда босанғаннан кейін тубдиспансер санаториясына және жұқпалы аурулар ауруханасының карантин стационарларына жатуы керек. Себебі олар туған туысқандарына жұқтыруы мүмкін. Бірақ босанушы әйелдің ағайындары карантиндік стационарға жіберуге қарсылық білдіріп жатқан жағдайы бар. Одан бөлек, баланы да бірге алып кеткісі келеді, ал ол карантин стационарына баланы апармаған жөн. Орталықта баланы тексеріп, жақсы болып жатса, үйлеріне, таза жерге жіберу керек. Осыны халық түсінеді деген ойдамыз.

Жағдайды оңалту үшін көп жұмыс істелді, әлі де талай шаруа атқарылатын болады.

Гүлнар ЖҰМАШЕВА,
облыстық перинаталдық орталық бас дәрігері

Шағымданушылар көбейіп тұр

Сонғы уақытта тұрғындар арасында тұмау ауруының белгілерімен, атап айтқанда, дене қызуының көтерілуіне, бас ауруы, жөтел, мұрыннан су ағу, жалпы әлсіздік бойынша шағымданушылар көптеп кездесуде. Мұндайда ең алдымен «коронавирус ауруына шалдығып қалмадым ба?» деген ой келетіні анық.

Бұл, әрине, түсінікті. Осындай шағымдармен емханаға келушілерден COVID-19 инфекциясына сынама алынады. Дәрігерді үйге шақыртулар да көбейді. Сұрастыра келгенде, олар өз ауруларын суық су ішумен, балмұздақ жеумен, салқын душ қабылдаумен байланыстырады.

Қазір ондай науқастарға желел респираторлы вирусты инфекциясы диагнозы қойылып жатыр. ЖРВИ құрамына

риновирус та, коронавирус та, яғни, бірнеше инфекциялық аурулар кіреді. Сондықтан нақты диагноз сараптамадан кейін ғана қойылады. Ал ол бірнеше күнді қажет етеді.

Жалпы мұндай жағдай бірінші рет емес, дене қызуының көтерілуі, жөтел, түшкіру секілді клиникалық белгілермен науқастар жыл бойы тіркеледі. Мәселен, күз мезгілінде күннің сууына байланысты, сонымен бірге көктемде де осындай жағдайлар жиі болып жатады. Ал жазда адамдар ыстық күннен қорғанып, салқын су ішіп, балмұздақ жеіп, сонымен бірге салқындатқыш астында отырады.

Осы уақытқа дейін симптоматикалық ем қалай жүргізілді, қазір де солай жүргізілуде. Тек бір ерекшелігі – қазір коронавирус инфекциясына сынама аламыз. Сынама наукас үйде болса, үй жағдайында, емханаға келсе, емханадан алынады.

Осы аптаның дүйсенбісінде 46 шақырту

болды. Оның 17-сі дене қызуының көтерілуіне байланысты дәрігерді үйге шақыртқан. Бұл сенбі-жексенбі күні демалыс болғандықтан осылай көбейіп тұр. Ал сейсенбіде 20 шақырту түсті. Оның төртеуі ғана дене қызуының көтерілуіне байланысты болған. Бұл – қалыпты жағдай. Десе де, «сақтансаң сақтаймын» деген, егер ауырған жағдайда тұрғындардан өз бетінше ем-дом жасамай, дәрігер көмегіне жүгінуге шақырамыз. Себебі қазіргі кезде коронавирус ауруы да өршіп тұр. Бұл жағдайда науқастар ЖРВИ мен қауіпті індетті айыра алмай қалуы мүмкін. Сондықтан қандай жағдай болмасын ең алдымен медицина мамандарына хабарласып, солардың көмегіне жүгінуі керек. Сақтық шараларына мән беру шарт.

Ғалия МИРМАНОВА,
№5 қалалық емхананың
инфекционист дәрігері

Төлемдерден кім босатылады?



аударуға міндетті ме?
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова осы және басқа да сұрақтарға жауап берді.

– Төтенше жағдай режимі салдарынан ел билігі дағдарысқа қарсы әлеуметтік және экономикалық қолдау шараларын қабылдады. Соның бірі – медициналық сақтандыру жүйесіндегі жеңілдік мерзімін ұзарту. «Салық демалысы» кімге және қай мерзімге дейін беріледі?

– Естеріңізге сала кетейін, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша сақтандырылмаған азаматтардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті алу құқығы 2020 жылдың 1 шілдесіне дейін ұзартылды. Осы уақытқа дейін барлық азаматтар шартты түрде сақтандырылған болып саналады және МӘМС жүйесіне қатысушы мәртебесіне қарамастан медициналық көмекке жүгіне алады.

Содан кейін, Үкімет қаулысына сәйкес, шағын және орта бизнес субъектілері 2020 жылдың 1 сәуірінен 1 қазанына дейін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемдерінен босатылды, яғни, осы кезеңде ШОБ, сонымен қатар кейбір ірі кәсіпорындар өз қызметкерлеріне медициналық сақтандыру төлемдері мен аударымдарын төлеуден 2020 жылдың 1 шілдесіне дейін босатылған.

Жеңілдік берілген кәсіпорындардың қатарына карантин енгізуіден ең көп зардап шеккен санаттар: сауда, мейрамхана және қонақүй бизнесі, туристік қызметтер, кинотеатрлар және т.б. жатады. Шағын және орта бизнеске арналған 29 іс-шара 10 ірі бизнес үшін ұйымдастырылған. Басқа шағын және орта бизнес субъектілеріне медициналық сақтандыру бойынша жарна-

Карантин кезеңінде медициналық сақтандыру төлемдерінен кім босатылады? Егер кәсіпкер нөлдiк кiрiстi ұсынса, ол МӘМС үшiн жарна аударуға мiндеттi ме? Егер қызметкер екi жұмыс iстесе, МӘМС үшiн жарнаны табыстың екi көзiнен

лар мен аударымдарды төлеуді 2020 жылдың 1 маусымына дейін кешіктіруге рұқсат берілді.

Медициналық сақтандыру жүйесіне жарналар мен аударымдарды Үкімет қаулысында көрсетілген тізбеге кірмейтін барлық қалған жұмыс берушілер төлейді.

Жеке кәсіпкерлерге алты ай ішінде, 1 қазанға дейін өз қызметкерлері үшін аударымдарды төлеудің және жалақыларынан жарналарды ұстаудың қажеті жоқ. Алайда, әзі үшін төлеу керек, яғни ЖК ай сайын 1,4 АЕК-тен 5% мөлшерінде жарналарды төлеуді жүзеге асырады яғни 5% x (1,4 x 42 500) = 5% x 59500 = 2975 теңге.

– Егер кәсіпкердің табысы болмаса, ол нөлдiк кiрiс тапсырады. Бұл жағдайда не iстеу керек?

– Егер жеке кәсіпкер нөлдiк декларацияны тапсырса, ол өзі үшін жарналарды төлеуге міндетті, себебі мемлекеттік кіріс органдарында жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұр. «МӘМС туралы» Заңға сәйкес, жеке кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер төлем жасамаған жағдайда төлем жасалған күнді қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күн үшін төленбеген соманың 1,25% мөлшерінде айыппұл салынады.

Егер жеке кәсіпкер, оның қызметкерлері 15 жеңілдік санатына жататын болса әлеуметтік медсақтандыру жүйесіне жарналар төлемейді. Олар үшін төлемді мемлекет жүргізеді.

– Мысалы, қызметкер ЖШС-да немесе ЖК-да және бір мезгілде бюджеттік ұйымда еңбек етеді. Онда МӘМС үшін жарналарды табыстың екi көзiнен аударуға мiндеттi ме?

– Заңға сәйкес, егер азамат екі жұмыс істесе және жиынтық табысы 10 ЕТЖ-дан аспаса онда МӘМС жарнасын екі көзден төлеуге тиіс. Ал, егер табысы 10 ЕТЖ-дан асып кетсе, онда бір көзден алу керек. Сонымен, ең төменгі жалақының 10 еселенген мөлшеріне тең келетін табыс сомасынан жарналар төлеген кезде, растайтын құжат пен жеке тұлғаның басқа кірістерінен жарналар төлеу талап етілмейді. Мұндай құжат – жұмыс беруші немесе салық агенті берген, есептелген және төленген жарналары туралы анықтама.

Егер жеке кәсіпкер жұмыскер болса, онда жұмыс беруші жарна есептеу объектісінің 2 % мөлшерінде аударымдарды төлейді, ал жалақының 1 % мөлшерінде төленеді. Бірақ, өздерінің білетіндей, осы жылдың 1 қазанына дейін жеке кәсіпкерлер өз қызметкерлері үшін МӘМС-ке жарналар мен аударымдар төлеуден босатылады.

«МӘМС туралы» Заңға сәйкес, әрекетсіз деп танылғандардан басқа, жеке кәсіпкерлер жарна төлеушілер болып табылады. Осылайша, егер ЖК қызметі тоқтатылса, жарна төлеудің қажеті жоқ.

– Бірақ МӘМС жүйесінде тұрақты болу үшін және барлық медициналық қызметтер пакетіне қол жеткізу үшін ай сайын жарна төлеу керек емес пе?

– Иә, «сақтандырылған» мәртебесін алғаннан кейін сіз арнайы мамандардың кеңестеріне және стационарлық көмекке, жаракаттан немесе операциядан кейін қалпына келтіру еміне дейінгі кеңейтілген медициналық көмек пакетіне қол жеткізе аласыз. Егер бұрын сіз көптеген медициналық қызметтерге ақы төлеген болсаңыз, осы жылдан бастап, дәлелдемелеріңіз болса, сіз үшін медициналық сақтандыру қоры төлейді.

«МӘМС туралы», Салық заңнамасына сәйкес, салық есептілігін беруді тоқтатқан немесе әрекетсіз деп танылған жеке тұлғалар мен жеке тәжірибе алушылар үшін 2020 жылдан бастап МӘМС жарнасын төлеу бойынша міндеттемесі қалады. Ағымдағы жылдың ай сайынғы төлем мөлшері 1 ең төменгі жалақының 5% құрайды (2125 теңге).

Сонымен қатар, бәйғай жиынтық төлем де өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға, ресми

түрде еш жерде тіркелмеген және ресми табысы жоқ тұлғаларға сақтандырылу мәртебесін береді. 2020 жылы БЖТ көлемі 2020 тұрғындары үшін 2651 теңгені, ауыл тұрғындары үшін 1325 теңгені құрайды.

– Егер жарна төлеу мерзімі өтiп кетсе, сақтандыру пакетi бойынша медициналық көмекке жүгiнуге бола ма?

– Егер сіз МӘМС-ке жарна төлей бастаған болсаңыз, бірақ 3 айдан астам үзіліс болса, онда сақтандыру мәртебесінен айырылып қаласыз. Сақтандыру пакеті шеңберінде медициналық қызметтерді алу үшін бұрынғы төленбеген кезеңдер үшін төлем жауап қажет. Бұл жағдайда, сақтандырылудың мәртебесіне қарамастан тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек қолжетімді.

Естеріңізге сала кетейін, карантин кезеңінде медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша МӘМС жүйесінде сақтандырылған бола отырып, қандай медициналық қызметтерге, пациенттердің құқықтарын қорғау бойынша сұрақтарымен Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының байланыс орталығына 1406 тегін нөміріне қоңырау шала аласыз.

Сондай-ақ медициналық сақтандыру және пациенттердің құқықтары мәселелері бойынша Qoldau-24/7 мобильдік қосымшасы халыққа қызмет көрсетеді. Азаматтардан келіп түскен барлық өтініштер өңделіп, тіркеу нөмірімен өтініштер тізіміне түседі. Тұрғындар тарапынан түскен өтініштер мониторинг жүргізіледі, қажет болған жағдайда белгіленген мерзімде шешім қабылдау үшін сараптамалық бағалауға беріледі. Содан кейін өтініш берушіге қосымшада оның ақауында жауап беріледі.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Qoldau-24/7 мобильді қосымшасын Android смартфондары үшін Play Market арқылы, Apple смартфондары үшін App Store арқылы жүктеп алуға болады.

– Өңіміңізге рахмет.

ӘНГЕЛЕСКЕН
Дәуіржан ӘЛҒУБАЕВ,
«Сыр бойы»

Хабарлама

Облыс әкімдігінің 2020 жылдың 28 мамырдағы №38 қаулысына сәйкес «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасының «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасының «Бизнеске арналған үкімет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі» болып өзгертілді және 2020 жылдың 11 маусымында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қызылорда облысының Әділет департаментінде заңды тұлға ретінде қайта мемлекеттік тіркеуден өткендігін хабарлаймыз.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 25 маусымдағы №60 қаулысы

«2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы»
Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №374 шешімін іске асыру туралы»
Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы №129 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 111-бабының 3-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:
1. «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №374 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 129 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1-қосымшасындағы:
«Басқалар» 13-функционалдық тобындағы:
«Басқалар» 9-кіші функционалдық тобындағы:
257 «Облыстың қаржы басқармасы» бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

012 «Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві» бюджеттік бағдарламасы бойынша:

100 «Облыс аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған облыстық жергілікті атқарушы органының төтенше резерві» кіші бағдарламасы бойынша «976 936,3» деген сандар «876 936,3» деген сандармен ауыстырылсын;

101 «Шұғыл шығындарға арналған облыстық жергілікті атқарушы органының резерві» кіші бағдарламасы бойынша «105 822» деген сандар «205 822» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Ш.Тілешевке жүктелсін.

3. Осы қаулы 2020 жылдың 1 қантарынан бастап қолданысқа енгізіледі және жариялауға жатады.

Қызылорда облысының әкімі
Г. Әбдіқалыкова

Көшедегі балаға көңіл алаң

Жыл сайын жазғы демалыс кезінде мұғалімдер мен ата-аналарды алаңдатытын басты мәселе – балалар қауіпсіздігі. Өзіміз ақпараттардан біліп отырғандай, жыл басынан бері 14 адам суға кетсе, оның 6-уы көмелет жасына жетпегендер. Сондықтан баланың аمانдығы үшін жан-жақты жауапкершілік танытқанымыз жөн.

Сb Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Осы орайда «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн күрес» ұлттық ақпараттық науқаны өткізілді. Айта кетейік, бала құқығын қорғау бағытындағы республикалық акция жыл сайын өткізіледі. Акция бойынша жүргізілген рейдтік шарда қала және аудандардағы демалыс паркі, орталық алаңдар, көлік жуу орталықтары, базарлар, жалпы 264 қоғамдық қызмет орны тексерілді. Нәтижесінде, талапқа сайдырып, келген 123 құқық бұзушылық бойынша хаттама толтырылып, оның ішінде 121 жасөспірім ішкі істер органдарына жеткізілді.

Түнгі уақытта ересек адамның бақылаусызсыз жүрген 114 көмелетке толмаған баланың ата-аналары (заңды өкілдері) әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Айта кетейік, алдын ала ақпараттық-насихат шаралары үздіксіз жүргізіліп жатса да, бала еңбегін зансыз пайдалану фактілері жыл сайын орын алу-да. Осы орайда еңбек қауіпсіздігі ережелерінің сақталмауы салдарынан жасөспірім балалардың түрлі жағдайға душар болып жататыны да жасырын емес. Сол себептен де сала басылығы бұл бағыттағы жауапкершілікті әлі де күшейтіп, жұмыс берушілер мен ата-аналардан көмелетке толмағандарға қатысты еңбек заңнамасын қатаң сақтауды талап етеді. Сол сияқты, алдағы уақытта жасөспірімнің еңбегін зансыз пайдалану немесе оның денсаулығы мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін фактілер орын алған жағдайда оларға психологиялық қолдау көрсететін орталықтар ашылмақ.

Иә, расында оқу жылы аяқталысымен, балалардың көпшілігі өздігінінше ақша табуды қалайды. Мысалы, Самат есімді (аты-жөні өзгертіліп алынды) бір кейіпкеріміз ата-анасының рұқсатынсыз, өз бетінше көлік жуу қызметінде жүрген. Ол айтады: «Алдағы оқу жылына дейін заманауи, жақсы смартфон алуым керек. Өйткені кешегідей онлайн-оқу болған жағдайда мүмкіндігі жоғары смартфон болмаса сабаққа уақыттылы қатысып, берілген тапсырмаларды уақытылы орындау қиын». Айтуынша, отбасында бір өзі ғана табыс табатын анасының оған жана смартфон әперуге еш мүмкіндігі жоқ. Ал бұл жөнінде ата-ана пікірі қандай?

– Жалпы, баланы ерте бас-

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды
Қызылорда қаласының жеке нотариусы Бердалиева Мира Қыстаубаевна 2019 жылдың 10 маусымында қайтыс болған азаматша Сулейменова Серікқұлының алтын мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі 2 Е (орталық ЦОН), тел.: 8 702 777 27 22.

Қызылорда облысының статистика департаментінің ұжымы Шиелі ауданының статистика басқармасының басшысы Жандарбеков Айтай Бағдирдинұлына әкесі **Насриддин Жандарбековтің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы Жанакорған ауздандық «Жанакорған тынысы» газеті бас редакторының орынбасары Баян Үсейіноваға анасы

Хадиса Баязатқызы Баязатованың қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы әріптесіміз, аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің бас редакторы Ғазиз Әлішевтің анасы, белгілі жазушы Әлмәмбет Әлішевтің зайыбы, ардақты ұстаз **Нағима Омарқызының** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бір керуен бар, тоқтатуға болмайтын...

«Газет оқысаң, әдебиң түзеледі». Бұл – біздің әкейдің сөзі. Солай дейді де, алдыма 90-шы жылдардан бері қарайғы ескі газеттің тігінділері, жарық көрген ұлт мұрасына қатысты тым тәуір дүниелердің ұқыпты қиылған парақтарын тастай береді. Ал оқып біткен соң не жайлы екені, ондағы ұққаныңды талқыға салатыны тағы бар. Мектептегі білімнің орта шенінде басталған газет-журналға деген құмарлық тілшілік тіршіліктің бастауы болған шығар. Жетектеген арман журналистика маңына топ еткізді ақыры.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Иә, ес білгелі елдегі жарық көретін газеттің бірсыпырасы үйге үзбей келетін. Кітап пен баспасөздің берері көп әрі ақысын пұлдамайтынын білсек те, бүгінде «біздің болашағымыз» деген жалынды сөз тіркесіне кейіпкер болып жүргендердің көбі бұл сурлеуден тым алыстап кетті. Кейде кітап пен газетті егетпей жатып оқыған оқырманның соны біз шығармыз деген ойдың келетіні рас. Неге? Жауабын мен де түсіндіре алмаспын. Дегенмен ардагер журналистің мына пайымы көкіректе мықтап орнықты.

– Осы күні 81-дің көкжесін ішу де бұйырыпты, – делі әдеттегі амандық-саулықтан соң Айжарық көкем әлдеқашан ақ түскен селдір шашын қолмен тарап. Көркем очерктің қаролі іспеттес көрінетін, белгілі жазушы-журналист Айжарық Сәдібековпен жиналыс, мерейтойларда қолын алып, қасында жүргенім болмаса, етене жакын әңгімелесе қоймағанмын. Сәті енді түсті.

– Журналистпін дейсің ә-ә, жақсы. «Сыр бойында» жүрсең, жолың болғаны да. Киелі шаңырақта қызмет қылғаным – мен үшін үлкен мақтаныш. Сонда «Еңбекші хаттар» бөлімінде болғанмын. Бұл 1972 жылдан бастап болуы керек. Аға буынның үлкен ықыласына бөленіп, Ұзақ Бағасев, Қалқабай Әбенов, Нұрділдә Уәлиевтің халыққа деген жанкешті жұмысын көріп, үлгі-тәрбиесін алу біздей буынға бұйырғаны да, – деп шежірені бастай кетті.

– Айта отырыңыз, бұрынғының көзін көрген сіздің әңгіменізді әдейі естіп қайтқанды жөн көрдім осы демалыста, – дедім мен диктофонды қосып жатып.

– Өзіме жазу-сызудың жолында жағымды әсерімен қалған азаматтар жайлы айтайын. Біріншісі – Ұзақ Бағасев. Ол өте жұмсақ адам еді. Мен аудандық газетте жүргенде облысқа шақырды. Оған себеп – Жалағашта жүргенде жазған егістік жайлы көлемді мақаламның облыстық басылымда жарық көруі. Бағасев «Ленин жолын» басқарып жүрген кезде жазғаныңды бірден қолтаңбааннан танытты. Солай. Облысқа ауасым деп жүргенімде Ұзақ «Социалистік Қазақстан» газетіне редактор болып кетті. Жолымыз бір-екі рет түйісті, телефонмен хабарласып та жүрдік, соның өзінде азаматтығын танып үлгердім. Кейін ол жайлы көлемді очерк жаздым да.

Ең ұзақ жыл редактор болған Қалқабай еді. Әбеновтің әріптестеріне деген көп жақсылығы жұрт есінде. Нұрділдә ағамыз – өте ұқыпты адам. Мәскеуде аспирантураны оқып жүріп, архивті ақтарып, 1938 жылдан бастап шығады деген «Ленин жолын» 1929 жылға шегерген де сол кісі. Араб

карпімен «Сыр бойы» жарыққа шыққанын тынымсыз ізденіспен дәлелдеді. Ақиқатын ашып жазып, ғылыми еңбегін осы газет тарихынан қорғады. Тереңзектің жігіті еді, редактор болған жылы да қарамағындағы жігіттердің жағдайына бейжай қарамай, қолдау көрсетіп жүретін. Одан кейін Әскербекпен (Рахымбеков) жұмыс істедім. Өзі үш редактормен тізе қосып «Ленин жолында» қалам сілтеппін ғой. Кейін Қалтай (Мұхамеджанов) құрған «Түркістанға» ауыстық.

– Күні кеше зейнеткерлікке «Сыр бойы» газетінің бас редакторы болып шыққан Жұматәлі ағамның бір әңгімесі түсіп отыр. Ағамыз жұрдақтың үшінші курсын бітіріп, осы біздің газетте бес-алты жігітпен іс-тәжірибеден өткен ғой. Әдетте, тәжірибенің уақыты бітіп, бұлар



бөлімдерінде тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқардым. Сонда алдыңғы буын ағалар бізді қайраққа салған пышақтап жанып отырды. Мақала жұп-жұмыр, сөзі нық болуы үшін тынымсыз еңбектендік. Бір оқиға әлі есімде. Мынауың қосулы ма еді? Айжағам ұялы телефонға көзін салып, негімен несақалды. Диктафонды мензегені.

– Иә, әлбетте, қосулы тұр, айта беріңіз.

– Бұларын жақсы болды-ау сендерге. Біз ауызба-ауыз сөзді қағазға түсіріп машықтанып едік. Қай жерге келіп едім?!

– Ұстаз ағаларыңыз жайлы айтып отырсыз? – дедім қарт журналисті сөзге жетелей.

ауыр сабақтастықты атқарып шықтық қой, – деп тебіренді Айжағам. Сәл үнсіздіктен соң ардагер журналист сөзін қайта жалғады.

– Өзім кіндіктен жалқы қалып, қиындықпен жетілдім. Құлайға шүкір, балаларым, немерелерім бар. Соның өзінде өзімді жалғыз сезінетінім рас. Неге дейсің ғой. Олай сұрақ қоюуың заңдылық та шығар. Өйткені, бұлар кітап оқымайды, газет-журналдың не екенін ұқпайды. Өңгіменің шындығын айту керек. Атасының не жазғанын бұл үйдегі кішкентайлар білмейді. Бұл трагедия емей немене, балам?! Көңілім көбіне-көп осыдан құлазиды...

Айжағам саусақтарымен ди-

Байқау жеңімпаздары марапатталды

Көсібі мереке қарсаңында «Сыр бойы» газетінің 90 жылдығы аясында ұйымдастырылған Қалқабай Әбенов атындағы «Тоқсан жылдың толғауы» атты байқау жеңімпаздары марапатталды.

Белгілі қаламгер Қалқабай Әбенов 1968-1985 жылдар аралығында облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы қызметін атқарған. Жас журналистер шығармашылығының дамуына қолдау көрсету, мемлекеттің тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында өткен облыстық байқауға 35 жасқа дейінгі ақпарат өкілдері қатысты.

Байқауда I орынды облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Ержан Қожасов иеленсе, II орынды облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Гүлдана Жұмадинова, III орынды облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Мейрамғұл Дауылбайқызы еншіледі.

Қ.Әбенов атындағы «Сыр журналистикасы» қоғамдық қоры алдағы уақытта да жас журналистер арасындағы байқауды дәстүрлі түрде өткізіп, ауқымын кеңейтуді жоспарлап отыр. Бұл туралы марапаттау рәсімінде қаламгердің інісі Қожахмет Мырзаев, баласы Қанат Әбенов айтты.

Жеңімпаздарға Қалқабай Әбеновтің ұрпақтары атынан арнайы сыйлықтар табыс етілді.

редактор Қалқабай Әбеновтің қабылдауына кіреді. Сол кездегі жауапты хатшы Шора Ерәлиевті шақырып алып, «осы жастар біз кеткенде газетке ие болады. Газетке шыққан материалдарын, тіпті шықпағанын да есептеп, әрқайсысына 200 сомнан қаламақы жаз. Оқуға бара жатыр ғой, көңілдері тоқ аттансын. Мен қазір бухгалтерияға өзім тапсырма беремін» депті. Сонда Жүмекең айтлады, «Осындай әулие ағалар болды. 200 сом – көп ақша ғой. Алматыға осылай көңілді аттанып, «Қалқабай Әбеновтің қаламақысы» деп мақтанып жүрдік. Шынымен Әбеновтің айтқаны келіп, практикаға келген көп жігіт «Сыр бойында» қызмет етті деп ағынан жарылғаны бар. Алдыңғы буынның кейінгіні қолдау салтының бір көрінісі шығар бұл, – дедім мен.

– Оның рас, шырағым, – деді Айжағам. – Қалқабай ағамыз жастарды қолдаудан шаршамады. Әсіресе, іштегі журналистік жігіттерді жарыққа аянбайтын. Бір оқиға айтайын. Аудандық газеттерде ысылып, біраз тәжірибеден соң 1972 жылы облыстық газетке келдім дедім ғой. Онда «Еңбекші хаттары», «Совет құрылысы», «Партия тұрмысы», «Саясат және қоғам»

– А-а, иә, Қалқабай жайлы айтпақ болғанмын. Жазудан бас алмай жүрген уақыт қой. Сол кезде «Еңбекші хаттары» бөлімінің меңгерушісі Қалыбай Бөршеев деген азамат сал ауруына ұшырап, оның үстіне қан қысымы бар, көп ауыратын. Редактор Қалекен «қашан бір жөн болғаныша бүкіл бөлім жұмысын атқарасың әрі ағанның ай сайын міндетті екі бас мақаласын жазу сенің мойыңда» деп тапсырма берді. Әй, өзімнің де жүйкем тозды. Сондағы – редактордың адамгершілігі ғой. Екі жыл төсек тартып жатқан бөлім меңгерушісіне жалақысы мен екі бас мақалаға қойылатын 60 сом қаламақыны демі үлгіненше бергізді. Сол кездегі адамдардың пейіліне таңғалам. Бүгін екі күн ауырсаң, екі бет анықтама толтырамысың? – деп көзін сығырайта маған қаралды. Үнсіз жымия бердім.

– Солай, ағалар бізді осындай үлгі боларлық ұстаныммен тәрбиелеп, тұрпайы әрекеттерден алыс жүруге үндеді. Сол кездегі мақалаларымыз заманның ұстаз ағалардың тәлімімен жазылды. Қалам сілтеп жүріп, оның қалірін кетіруге болмайтынын әбден түсіндік. Шынайылыққа ұмтылып, шыындықты айна-қатесіз бердік. Осылай міндеті

ван шетін сырт-сырт соғып, бір уақ терезеге қарап үнсіз қалды. Мен де үнсізбін. Ақсақалдан естелік сұраймын деп, бүгінгі күннің ауанына ауытқып кеттік пе, ұрпақ жағдайына алаңдаған қарт журналистің көңілін түсірдім бе деген үркек ой да басыма жылдам келіп үлгерді.

– Газет – керуен сияқты ғой. Керуенбасы ауысса да, көші тоқтамау керек. Өйткені, ол керуенде ұлтқа керек ұлағат, құндылық пен руханият, тіл мен діл, мәдениет жүгін арқалағандар жүр. Әрі тынымсыз, тоқтаусыз арқапал келеді. Сол үшін де тоқтауға тиісті емес. Мен сабақтастық жайында айттым ба, тағы айтам. Газет жұмысына жегілген талай азамат та, нәзік жандылар өз міндетін адал атқарып келді. Біз де. Солай жүріп әлгі мен айтқан құндылық толы қапшықты келесі бұынға арттық. Өйткені, ағалар да солай бізге аманат еткен. Сен де уақытыңда алған осы керуендегі міндетіңді межелі жерге дейін адал атқаруың керек. Журналистке артылған жүк солай. Сен соны сезіп, Ержан балам, – деді қарт журналист ойлы көзбен жарты қарап.

Мен терең оймен есік алдына шықтым. Күн еңкейіп қалған екен...

ӘРІПТЕСТЕР ӘЗІЛІ

Бес метр болса да жақын

Облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшілері редакцияның ескі ғимаратында Ыдырыс пен Айғали бір бөлмеде отырды. Бірде редакцияда құрылымдық өзгерістер жасалып, жұмыс жағдайына байланысты тілшілер бір бөлмеден екінші бөлмеге көшіріле бастады. Кезек Айғалиға келгенде ол:

– Біз Ыдырыс екеуміз он жыл болды бірге отырамыз, мен ешқайда ауыспаймын, – деп қасарысалды. Сонда бас редактордың орынбасары Мұрат Жетпісбаев:

– Аяқеке, он жыл түгелі жырлама жыл бірге тұрған ерлі-зайыптылар да ажырасып жатыр. Келесі бөлмеге көшіңіз, әрі үйіңізге 5 метр болсада жақын болады, – деген уәж айтатын көрінеді.



Өлең мен тақпақ

Қыс айы. Қызылордада қар жауып тұрған кез екен. «Ал, ақын, аяқасты тақпақ айта аласың ба?» – дейді құрдасы Дүйсенбек Аяшұлына сынағандай. (Өлең шығара аласың ба дегені болар.) Сөзден тосылатын Дүйсекең бе, бірден былай дейді:

– Мынау неткен аппақ қар, Ол жайлы көп тақпақ бар. Ақ астына көміліп, Беті қара батпақтар. Қар қызығы қыр жақта, Мылтығыңды оқтап бар. Күнде болмаса сайраны, Суығы мен қатқак бар. Суырып салады екен деп, Мені үйіне мақтап бар. Тақпақ дейді өлеңді, Сен сияқты ақымақтар. Енді осыны жаттап қал!

Қораптағы қорқынышты жазу

Ақын Дүйсенбек Аяшұлы темекі алмақшы болып, бір дүкенге кірсе, сатушы қыз қорабы әлемі темекіні ұсынады. Ол оны сатып алудан бірден бас тартады.

– Қораптың сыртында қорқынышты жазу бар екен, «Жүрек талмасы» деп тұр екен», – дейді үрейленгендей. Сатушы екінші бір әшекейлі темекі қорабын көрсетеді.

– Жок, мұны да алмаймын. Мұнда «Өкпе қабынуы» деп тұр ғой, – дейді тұтынушы қасарыса. – Ескертпе сөздері жаман екен, тағы басқасын бер, – дейді ерінбестен. Қыз үшінші қорапты алып келеді. Ал оның сыртына «Түсік тастау» деп жазылыпты.

– Мейлі, осыны алайын, – дейді Дүйсекең амалсыз. Сатушы қыз танырқап:

– Сонда осы сөз жақсы ма – десе. – Мұның маған кері әсері бола қоймаса, өйткені еркек емеспін бе, – депті.

Жағдай сұрау

Облыстық «Сыр бойы» газетінің журналисі, ақын Дүйсенбек Аяшұлының қолы ауырып, біршама уақыт қиналып жүреді. Дәрігерге барып, қанша емделсе де, батпандап кірген науқастан оңайлықпен айыға қоймаса керек. Осынысын білетін әріптестері күнде:

– Хал-жағдайыңыз қалай? – деп жағдай білсіді екен. Тек, көрші кабинеттегі замандас қарындасы Ғазиза ғана астарлай сөйлеп: – Дүйсеке, қол жағдайыңыз қалай? – деп әзілдейтін көрінеді.

Қамашқа айтшы

Белгілі журналист Жолбасбек Ақсақаловты бір тойда кезіккен ескі танысы үсті-үстіне көтермелеп: – Сіздің жазған материалдарыңызды оқып бір жасап қаламын. Білімнің мол, ақылды сөз жазасың, – деп қоймаса керек. Сонда бөсекі сөзге иліге бермейтін Жөкең әзілге шаптырып: – Оны өзім де білемін ғой, осыныңды біздің әйел – Қамашқа айтыңқырашы..., – дейтін көрінеді.

Бағыты бар тілек

«Сыр бойы» газетінің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында өткізілген ардагерлер арасындағы дойбы турнирінің соңында жеңімпаздарға сый-сияпат көрсетіледі. Төрге тоқсанға жақындаған, сексеннің үстіндегі қариялар жайғасалды да, орта жастағылар мен жастар етекке қарай отырады. Дастархан басындағы әңгімеле бүгінгі құрметке риза болған Алтын апай: «Енді бірмізге газеттің 100 жылдығын көруге жазсын!» деп тілек айта бастайды. Сонда отырыстың жүргізушісі Дүйсенбек: «Дұрыс, бірақ мұныңызды төменгі жақтағыларға қарата айтыңыз», – деген бағыт беретін көрінеді.

АРТРИТ? АРТРОЗ? ҚАШАНҒЫ ТӨЗУГЕ БОЛАДЫ?!

Қазіргі уақытта адамдарда тірек-қимыл аппаратының аурулары, артрит және артроз жиі кездеседі. Әсіресе, егде жаста - ағаның ресурстары әлсіреген, сүйек және шеміршек тінінің регенерациясына қажетті аминқышқылдары, витаминдер мен минералдар жетіспеген кезде, буын аурулары ерекше қауіп төндіріп, белен ала бастайды.



Артрит және артроз көбінесе жамбас-сан, тізе, тобық-табан буындарына, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындығымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің сеуіне әкеледі.

Ең әуелі бұл асқынбалы ауру екендігін үйі керек, оны емдемеген жағдайда, науқастың мүгедек болып қалуы ықтимал. Сіз маманың көмегіне дер кезінде жүгінісіңіз, сауығып кету мүмкіндігіңіз соғұрлым көп болады.

Біз артрит және артрозбен күресу үшін буындардағы жалғастырушы және шеміршек тінін қалпына келтіріп, қабыну процесстерін жеңілдететін, сүйектің тығыздығын арттырып, синовиалды сұйықтықтың өнімділігін белсендіретін табиғи парафармацевтикалық «Артрорезерв» препаратын қолдануды ұсынамыз.

«Артрорезерв» буындардағы қоласыздықты және ауырсынуды жояды, қабыну процессін басады, сондай-ақ сүйекті үйкелістен сақтайтын майлауыш материал - синовиалды сұйықтықты өндіруге белсендіріп, шеміршек тінінің үлгіштігін және көлемін қалыпқа түсіреді. «Артрорезерв»

ағзаның сүйек-булышкет жүйесінің өзара әрекеттесуін күшейте отырып, булышкет талшықтарының қуаты мен көлемін арттыратыны аса маңызды.

Препараттың құрамына тірек-қимыл аппаратына кешенді қалпына келтіру әсерін беретін компоненттер кіреді, курсты қабылдағандар кейін, буындардың қозғалыштығы және адамның физикалық мүмкіндіктері қайтып оралады.

«Артрорезерв» қажетті сынақтардың барлығынан өтіп, отандық және халықаралық құжаттармен мақұлданған.

Сондай-ақ, біздің мамандар басқа да ауруларға арналған курстық бағдарламаны таңдап бере алады. Орталығымыз инновациялық еуропалық және батыс препараттарын қолданады, біздің орталығымыздан, Алматы қ., Абай даңғылы 151 мекенжайындағы, «Алатау» Бизнес Орталығынан сатып ала аласыз және ТМД-ның кез-келген жеріне курьерлік жеткізілімге тапсырыс бере аласыз.

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді. Менің және қолдану тәсілі: қабылдау уақыты 1 айдан бастап. Қарсы көрсеткіштері: жеке құрауыштардың сәйкес келмеуі, жүктілік, бала емізу.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҰРУДЕ! АРТРОРЕЗЕРВ КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ - 30% ЖЕҢІЛДІК!



СІР № RU. 77.99.88.003.E.004174.09.18 20.09.2018 ж.

Мына телефон бойынша тірек-қимыл аппараты аурулары жөнінде кеңес ала аласыз және «Артрорезервке» тапсырыс бере аласыз 8 705 92 55 424 немесе artroreserve.kz сайты арқылы.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефон арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru